		<p>Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Бнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мұқатай Жылқайдарұлы «Күз». 2. Жемістер мен көгөністер". 3. Нан қайдан келеді?" 4. «Сауысқан мен көкек» ертегісі 5. Күз көрінісі".

- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;
- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;
- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;
- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.

Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.

Сөздік қор

Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.

Байланыстырып сөйлеу.

Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.

Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.

Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер

	бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.
Көркем әдебиет	<p>1.Жұмбақтар әлеміне саяхат". (пысықтау) 2.Күләш Ахметова «Алтын дән» (өлең). 3.А. Сарбөпин «Бір қап бидай». 4.«Орман дәрігері» ертегісі.</p> <p>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p> <p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>1."[а] дыбысы және А а әрпі" 2."[а] дыбысы және А а әрпін қайталау" 3."[н] дыбысы және Н н әрпімен танысу" 4."[н] дыбысы және Н н әрпін қайталау" 5."[р] дыбысы және Р р әрпі". 6."[р] дыбысы және Р р әрпін қайталау". 7."[о] дыбысы және О о әрпі". 8."[о] дыбысы және О о әрпін қайталау".</p>

	<p>9. "[т] дыбысы және Т т әрпі" 10. "[т] дыбысы және Т т әрпін қайталау". 11. "[т] дыбысы және Т т әрпін қайталау". 12. "[у] дыбысы және У у әрпін қайталау". 13. "[ш] дыбысы және Ш ш әрпі". 14. "[ш] дыбысы және Ш ш әрпін қайталау".</p> <p>- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p>
Қазақ тілі	<p>1. Көлік түрлері. Қоғамдық көлікте тәртіп ережесі. 2. Қ-Ғ дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері) 3. "Орман жануарлары." 4. Т-Д дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері) 5. "Оқтауы бар түлкі" ертегісін әңгімелеу 6. Ш-Ж дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). 7. Қысқы табиғат құбылыстары. Балалар қысты қарсы алады. 8. С-З дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері).</p> <p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог</p>

		<p>жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <ul style="list-style-type: none"> - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу. <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздермен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сайқымазақтарды кім санапты?" 2. "Сайқымазақтарды кім санапты?" пысықтау. 3. "Қанша салсаң, сонша жинайсың".

- 4."Күзгі жапырақтар шашуы".
- 5.Күзгі жапырақтар шашуы. (пысықтау)"
- 6.Нанның артығы болмайды"
- 7.Нан тағамдарының сәресі"
- 8.Нан тағамдарының сәресін пысықтау."
- 9."Үйірімге қосылған құстар санын санайық"
- 10."Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалуда" пысықтау
- 11."Қысқа қашаннан бастап дайындалу керек?"
- 12."Суретші нені бейнеледі?"

- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;
- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;
- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;
- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.

Жиын.

Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.

«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.

Сан және санау.

10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.

		<p>Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<ol style="list-style-type: none"> 1. Себет толы көгөніс пен жеміс". 2. Қияр қалай өсіп шығады?" 3. Күз мезгіліндегі маусымдық өзгерістер". 4. "Алтын күз" 5. Нан - адамның күш-қуаты" 6. "Бидай астығы" 7. Жыл құстарының ұшу бағыттары". 8. "Жыл құстары". 9. Сиқырлы магнит елінде" <p>- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік</p>

және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;

- дербестікке тәрбиелеу;

- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;

- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;

- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;

- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.

Бала, оның отбасы, үйі.

Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.

Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.

Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

Көлік, байланыс құралдары.

Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

Еңбекке баулу.

Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың

іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.

Жол қозғалысы ережелері.

Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.

Жануарлар әлемі.

Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.

Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.

Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.

Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.

Табиғатпен таныстыру

Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат»

		<p>ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p>Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.</p> <p>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.</p> <p>Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.</p>
Құрастыру		<p>1.Бидай алқабы".</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</p> <p>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.</p> <p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p>
Сурет салу		<p>1.Қаздар жылы жаққа ұшып барады".</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;

		<ul style="list-style-type: none"> - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.</p>
Мүсіндеу		<p>1. Күзгі жапырақтар</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.</p> <p>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p>

Жапсыру	<p>1."Нан - дастарқан байлығы".</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p>
Музыка	<ol style="list-style-type: none"> 1."Ұшағым". 2."Ән салған кім?" 3."Құлан". 4."Музыкалық сағат". 5."Ертегілер әлемі". 6."Ертегі желісін жалғастыр". 7."Желдің әнімен 8."Желтоқсан". 9."Отаным". <p>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>Музыка тыңдау.</p>

Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.

Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.

Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.

Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.

Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.

Ән айту.

Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Өртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.

Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.

Билер.

Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

Би шығармашылығы.

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би

		<p>қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>
--	--	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы Ақберен

Топ: Қарлығаш мектепалды топ

Балалардың жасы: 5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>1. Хоп-фитболдармен секіру"</p> <p>2. Бір, екі ... секіреміз</p> <p>3. "Бір, екі ... секіреміз!"</p> <p>4. "Арқаннан екпінмен қарғу".</p> <p>5. Арқаннан тез қарғу</p> <p>6. Бағытты өзгертіп жүру".</p> <p>7. Биікке секіріп шығу".</p> <p>8. Допты оң және сол қолмен жерге кезек-кезек ұрғылап, 5 м жерді жүріп өту".</p> <p>9. Допты қолдан-қолға ауыстырып жүру" (пысықтау).</p> <p>10. "Допты жерге соғу ойындары".</p> <p>11. Екі тобықтың арасына допты қысып жүру".</p> <p>- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;</p> <p>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;</p> <p>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;</p> <p>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;</p>

- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналықпедагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.

Негізгі қимылдар.

Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею.

Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу.

Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.

Спорттық жаттығулар.

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.

Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.

Жүзу. Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу.

Судағы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.

Спорттық ойындар.

Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.

Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі.

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.

Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз

		бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.
	Сөйлеуді дамыту	<p>1.Қысқы ертегі". 2."Қысқы ертегі" (пысықтау). 3.Қазақстан жалауы". 4."Қазақстан жалауы" (пысықтау 5.ЖаңЖаң жыл - менің сүйікті мерекем!" пысықтау. 6."Шырша". 7.Шырша" (пысықтау).</p> <p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөздік қор Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p>

		<p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
	Көркем әдебиет	<ol style="list-style-type: none"> 1.Ә. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін жаттау 2.Тәуелсіз елім - Қазақстан! (пысықтау). 3.Қ. Толыбаев «Кімнің тоны жылы?» (мазмұны бойынша әңгімелеу)" (пысықтау). 4.Кел, жаттайық! А. Асылбеков «Жаңа жыл» (пысықтау) 5.Екі аяз» ертегісін мазмұндау (пысықтау). <p>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</p> <p>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</p> <p>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі</p>

		<p>бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p>
	Сауат ашу негіздері	<ol style="list-style-type: none"> 1. "[қ] дыбысы және Ққ әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу" 2. "[е] дыбысы және Е е әрпі". 3. "[е] дыбысы және Е е әрпін қайталау". 4. "[ұ] дыбысы және Ұ ұ әрпі". 5. "[ұ] дыбысы және Ұұ әрпі қайталау". 6. "[і] дыбысы және І і әрпі". 7. "[к] дыбысы және К к әрпі 8. "[к] дыбысы және К к әрпін қайталау". 9. "[ү] дыбысы және Ү ү әрпі". 10. "[ү] дыбысы және Үү әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу". 11. "[и] дыбысы және И и әрпі". 12. "[и] дыбысы және И и әрпін қайталау". <p>- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;</p> <p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p>
	Қазақ тілі	1 Қазақстанның қазба байлықтары.

2.П-Б дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)

3.Жаңа Киім түрлері жылға дайындық.

4.Ф-В дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері).

5."Алдар көсенің сиқырлы шапаны" ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Ерекше жұмбақтар.

6."Қыс қызықтары. "Біз қармен қалай ойнадық" тақырыбын сурет бойынша әңгімелеу.

7."Жұп құрауға қабілетсіз дауыссыз дыбыстар. X дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)."

- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;
- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;
- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;
- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.

Тілдік дамытушы орта.

Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).

Сөздік қор.

		<p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
<p>Математика негіздері</p>		<ol style="list-style-type: none"> 1.Туған жеріміз - Қазақстан!" 2."Туған жеріміз - Қазақстан!" (пысықтау). 3.Жаңа жыл кімнің мерекесі?" 4.Жаңа жыл қарсаңында." 5.Жаңа жыл қарсаңында" (пысықтау). 6.Сыйлықтарды қалай үлестіреді?" 7.Сыйлықтар әзірлейік." 8.Сыйлықтар әзірлейік" (пысықтау) 9.Он екі айдың тізбектелуі". 10."Жыл мезгілдері". 11.Жыл мезгілдері" (пысықтау). 12."Судың көлемін өлшеу амалдары." <p>- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;</p> <p>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;</p> <p>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;</p>

- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.

Жиын.

Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.

«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.

Сан және санау.

10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.

Шама.

Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.

Геометриялық фигуралар.

Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.

Кеңістікті бағдарлау.

Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.

		<p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>1."Қыс мезгілінде көліктердің тигізетін пайдасы". 2."Менің Отаным - Қазақстан. Еліміздің рәміздері." 3.Шырша неге жасыл?" 4."Ғажайып сыйлықтар".</p> <p>- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; - дербестікке тәрбиелеу; - Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру; - табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу; - экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін</p>

		<p>олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Республика күні), ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.</p>
	Құрастыру	<p>1. "Қоянға көмектесеміз".</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты

		<p>ұжыммен орындауға баулу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.</p>
Сурет салу		<p>1."Гүл бағымызда өскен ақкекірелер". 2."Аяздың қырау оюлары."</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.</p>
Мүсіндеу		<p>1. Қыс ғажабы". 2. Аяз атадан келетін сыйлықтың қорапшасы".</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін

		<p>қалыптастыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.</p>
	Жапсыру	<p>1. Үшбұрыштан шыршаны жапсырамыз".</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p>
	Музыка	<ol style="list-style-type: none"> 1. "Көк тудың желбірегені" 2. "Келді, міне, Жаңа жыл!" 3. "Жаңа жыл келді". 4. "Аяз ата".

5. "Щелкунчик" балеті.
6. "Аппақ әлем".
7. "Қыс әлемі".
8. Зырлайды шанамыз".

- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.

Музыка тыңдау.

Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.

Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.

Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.

Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.

Ән айту.

Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

		<p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер.</p> <p>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әнкүйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.</p> <p>Би шығармашылығы.</p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> <p>Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
--	--	---

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Ақберен

Топ: Қарлығаш мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023ж.

Педагогтың аты-жөні З. Аязова Г. Ботабекова

Апта күндері	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	8.00 - 08.15	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) 1 қыркүйек - білім мерекесіне сай балабақшаны және топтарды әсемдеу, мерекелік атмосфера құру.8 “Сәлем, сәлем”				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	08.15 - 8.20	Әңгімелесу: "Балабақшаның ережелері", "Баланың тазалығы".				

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>8.20 - 8.30</p>	<p>Педагог балалардың назарын өзіне аударып:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, енді тақтадағы суретке қарап, жаттығуларды бірге орындайық! - «Би». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, орамал ұстаған қол төменде. <ul style="list-style-type: none"> 1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу. 2 - бастапқы қалыпқа келу. 3 - орамалмен айналып билеу. 4 - бастапқы қалыпқа келу. - «Биші қыз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қою. <ul style="list-style-type: none"> 1 - қолды жоғары көтеру, бір аяқтың ұшымен тұру. 2 - бастапқы қалыпқа келу. - «Паровоз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, жұппен тұру. <ul style="list-style-type: none"> 1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру. 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету. 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Қарлығаш». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, қол төменде. <ul style="list-style-type: none"> 1 - екі қолды екі қапталға жаю. 2 - бір аяқты артқа созу, қарлығашты бейнелеу. 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Іздер». Бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. <ul style="list-style-type: none"> 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру. 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру. 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Аққұтан». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, қол төменде. <ul style="list-style-type: none"> 1 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау. 2 - бастапқы қалыпқа келу. 3 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау. 4 - бастапқы қалыпқа келу. - «Достар». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, жұппен тұрады. <ul style="list-style-type: none"> 1 - жұптар қол ұстасады. 2 - жұптасып айналу. 3 - бастапқы қалыпқа келу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
<p>Таңғы ас</p>	<p>8.30 – 9.30</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>9.30 - 9.40</p>	<p>Еңбек: алаңды қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттері. Алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Еңбек: алаңды қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттері. Алаңда тәртіп пен тазалық сақтау. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>30 - тамыз. Конституция күні</p>	<p>"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтау кезінде тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін шын ниетпен еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяккиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
--	--------------------	---	---	---	--	---

"Жел мен бұлт"
қимыл-қозғалыс ойыны.
Мақсат-міндеттері.
Кеңістікті бағдарлау жаттығулары.
Еркін ойын.
"Мысық пен тышқан".
Мақсат-міндеттері.
Ойынның шарты бойынша әділ ойнап, шапшаңдықты, жылдамдықты, тапқырлықты танытуға баулу.
Барысы.
Ойнаушылар дөңгеленіп тұра қалады. Мысық пен тышқанды тағайындап алады.
Қалған балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер бойымен жүріп сөздерді айтады.
Мысық аппақ қарасак,
Құйрығы сұр тамаша-ақ,
Жебедей-ақ ұшады,
Көзін жаймен қысады.
Тырнақтарын үндемей,

"Заттарды пазл ішіне орналастыру"
үстел үсті ойыны.
Мақсат-міндеттері.
Балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.
"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.
Мақсат-міндеттері.
Кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру.
Еркін ойын.
"Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.
Мақсат-міндеттері.
Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, тапқырлыққа үйретеді.
Барысы. Балалар дөңгелене шеңбер құрып отырады.
Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырады.
Таңдалған бала

Үстел үсті ойыны.
"Лото. Қыздар мен ұлдардың киімдері".
Мақсат-міндеттері.
Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету.
Байқампаздыққа баулу.
Кімге, не керек?
Қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді.
(қазақ тілі, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)

Кұрастыру ойыны.
"Текшелер".
Балалар текшелерден балабақшаны құрастырады.
Дамытушы жаттығу.
"Көзді жұмып тұрып, тепе-теңдікті сақтау".
Мақсат-міндеттері.
Балаларға көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру;
вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.
Шарты.
Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау.
Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікті ұзақ сақтап тұруды үйрету. **(дене шынықтыру, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**

Дидактикалық ойын:
«Менің балабақшам»
Міндеттер:
Балабақшамен танысады. Балабақшаға

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	9.40-9.45	Жаңылтпаштарды қайталау және жаттау.	"Жәндіктер" тақырыбына иллюстрацияларды қарастыру.		Жаңылтпаштарды қайталау және жаттау.	«Балабақша» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>9.45 - 11.10</p>	<p>Жазғы ойын-сауықтар</p>	<p>Жазғы ойын-сауықтар</p>		<p>Жазғы ойын-сауықтар</p> <p>Сауат ашу негіздері "Дыбыс және әріп" Міндеттер: Балаларға сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажыратуды үйрету. Сөздік қорын, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адамгершілік қасиеттерін дамыту, еңбекке баулу.</p> <p>Сурет салу "Гүл бағымызда өскен ақкекірелер". Мақсат-міндеттері. Балаларды серуен кезіндегі бақылаудан кейін және елестету нәтижесінде қылқалам мен гуашь (акварель) бояулары арқылы ақкекірелердің қарапайым сұлбаларын салуды үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Тақтайшаның үстімен адымдап жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға тақтайшаның үстінен аяқтың ұшымен және өкшемен адымдап жүруді үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет "Ш. Шаяхметов «Білімнің - бұлағың» (өлеңімен танысу)" Мақсат-міндеттері. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімнің – бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын түсіндіру.</p>
---	---------------------	-----------------------------------	-----------------------------------	--	---

Серуенге дайындық	11.10 - 11.15	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	------------------	--

Серуен	11 :15-11.30	<p>Күнді бақылау. Мақсат-міндеттері.Күнді, оның өсімдіктер мен ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру.</p> <p>Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдіктердің тіршілігі үшін құндылығын көрсету.</p> <p>Көркемсөз Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! Еңбек: жәшіктерге құм толтыру. Мақсат-міндеттері. Балалардың бойында еңбекке құштарлықты ояту.</p> <p>"Қаракүс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге</p>	<p>Құмырсқаны бақылау Мақсат-міндеттері. Құмырсқалардың пайда болуының ерекшеліктері, олардың тіршілік етуінің көріністері туралы білімдерін кеңейту; сыртқы дүниеге қызығушылықты ояту.</p> <p>Жұмбақ жасыру. Қатар-қатар қара нар, Аспанменен пара-пар, Алды биік, арты жар. (Құмырсқа.)</p> <p>Көркемсөз Қадыр Мырза Әли "Құмырсқа". Қаламайды құмырсқа Қаңғыруды, билеуді. Тыным алмай, ырысқа Толтырады илеуді. Тапқан заты ауыр боп, Түссе бірі әлекке, Қауымдасқан бауыр кеп, Келеді тез көмекке. Ауыртпалық көрмедім</p>	<p>Күнді бақылауды жалғастыру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүтіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр</p>	<p>Аспанды бақылау. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз болғанын байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.</p> <p>Ашық аспанда бұлтты байқау оңайырақ, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте үлкейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып еритінін атап өтуге болады.</p> <p>Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, Жадыраса, құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу.</p> <p>Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өз бетінше таңдауды үйрету.</p>
--------	--------------	--	--	--	---

Серуеннен оралу	11.30 - 11.50	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Түскі ас	11.50 - 12.30	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Түскі ұйқы	12.30 - 15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	15.10- 15.30	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза. (дене шынықтыру)
Бесін ас	15.30- 16.00	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>16.00-16.15</p>	<p>"Не естігенінді айт?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануды үйрету; сөздік қорын молайту, еске сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы. Педагог балаларға көздерін жауып, дыбыстарды мұқият тыңдауларын (кұстардың дауысы, мәшиненің сигналы, әңгімелескен адамдардың дауыстары және тағы басқа) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек. Ең көп сөзді айтқан бала, ойын жеңімпазы болып саналады. "Сүйікті кітаптардың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойын. Мақсат-міндеттері. Балалар жазушыларына қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту.</p>	<p>"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың адамның не істейтіні, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту және жүйелеу. Ойын барысы. Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады. Ал үйлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. Тәрбиеші балаларға: «Адам қандай заттарды жасаған?» сұрағын қояды. Ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (допты лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені жаратқан?» Ойын барысында тәрбиеші балаларға</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар. Дорба, әртүрлі ойыншықтар мен заттар. Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап тануға тырысуы; көрген заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі) Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Жүргізушінің рөлін педагог, кейін балалардың бірі ойнайды. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Алғашында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым және нақтылы беріп жатады, содан кейін тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы. "Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның жайлы тынығуы үшін қызмет етеді". (танымдық іс-әрекет</p>
--	--------------------	---	---	---	---

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>16.15-16.20</p>	<p>Жаңылтпаш. Тақпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатта тақпақ, Жатта тақ-тақ. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Шығармашылық уақыты. "Қағаздан желдеткішті бүктеу арқылы құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасауға құштарлығын жетілдіру. (шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)</p>	<p>"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)</p>	<p>"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>16.20-16.25</p>	<p>Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>			
<p>Серуен</p>	<p>16.25-16.40</p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру)</p>			
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>16.40-16.45</p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>			
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>16.45-17.00</p>	<p>Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. Ата-аналарға кеңес. "Баланың белсенділігі — денсаулық кепілі".</p>			

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Ақберен

Топ: Қарлығаш мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09 - 08.09..2023ж.

Педагогтың аты-жөні З. Аязова Г. Ботабекова

Апта күндері	Уақыты	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	8.00 - 08.15	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатын алып, дене қызыуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бойы мен салмағын өлшеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	08.15 - 8.20	Ата-аналармен балалардың күн тәртібі туралы әңгімелесу.				

Ертеңгілік жаттығу

8.20 -
8.30

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, енді тақтадағы суретке қарап, жаттығуларды бірге орындайық!
- «Би». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, орамал ұстаған қол төменде.
 - 1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу.
 - 2 - бастапқы қалыпқа келу.
 - 3 - орамалмен айналып билеу.
 - 4 - бастапқы қалыпқа келу.
- «Биші қыз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қою.
 - 1 - қолды жоғары көтеру, бір аяқтың ұшымен тұру.
 - 2 - бастапқы қалыпқа келу.
- «Паровоз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.
 - 1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру.
 - 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету.
 - 3 - бастапқы қалыпқа келу.
- «Қарлығаш». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, қол төменде.
 - 1 - екі қолды екі қапталға жаю.
 - 2 - бір аяқты артқа созу, қарлығашты бейнелеу.
 - 3 - бастапқы қалыпқа келу.
- «Іздер». Бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады.
 - 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру.
 - 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру.
 - 3 - бастапқы қалыпқа келу.
- «Аққұтан». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, қол төменде.
 - 1 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау.
 - 2 - бастапқы қалыпқа келу.
 - 3 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау.
 - 4 - бастапқы қалыпқа келу
- «Достар». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, жұппен тұрады.
 - 1 - жұптар қол ұстасады.
 - 2 - жұптасып айналу.
 - 3 - бастапқы қалыпқа келу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)

Таңғы ас	8.30 – 9.30	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
-----------------	----------------	---

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>9.30 - 9.40</p>	<p>"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуды үйрету. (танымдық іс-әрекет, қазақ тілі, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Ойыншықтарды тәртіпке келтіру". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс істегенде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
--	--------------------	---	---	--	---	---

<p>Үстел үсті ойыны. "Бұл үйде кімдер тұрады?" Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын арттыру, еске сақтауды дамыту. Шарты. Тәрбиеші үйдің терезесінен отбасы мүшелерінің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды. (қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Мейірімділік жібi» Міндеттер: Балалар бір - бірлеріне тілектер айта біледі</p> <p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Ағасы бардың жағасы бар" Міндеттер: балаларды түрлі-түсті ермексаздарды есу, домалақтау, жалпайту әдісін қолдана отырып, адамның мүсінін жасауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түрлі пішіндерді алақандарымен жасауды дамыту.</p>	<p>Үстел үсті ойыны. "Лото". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала ортақ атауға біріккен отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін жинайды. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</p>	<p>Фотосуреттерді қарастыру. «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу. (шығармашылық іс-әрекет, қазақ тілі)</p>	<p>Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз». Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттыру. Ойын атрибуттары. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог балаларға өз үйлерін құрастыруды ұсынады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)</p>
<p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Балабақша - біздің үйіміз" Мақсаты: балаларды құрылыс материалдары: кірпіш және призмаларды пайдаланып балабақшаны құрастыруға үйрету.</p>	<p>Сананамақ. Бір дегенім - бесік, Шықтық содан өсіп. Екі деген - елім, Дала, туым, көлім. Үш дегенім - үміт, Үміт артар жігіт,</p>	<p>Логикалық ойын: Дьюнеш ойын жиынтығы «Не жоғалды?» Міндеттер: Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытады (математика негіздері, құрастыру)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Әдептілік әліппесі». Міндеттер: Сурет көрсете отырып, өз-</p>	<p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Анашымның тосабы" Міндеттер: балаларды тосапқа арналған ыдыс трафаретін түрлі-түсті және қатырма қағаз бетіне қарындашпен бастырып, нобайы</p>	<p>Логикалық ойын: «Үйшік» Міндеттер: Дьюнеш ойын жиынтығы арқылы логикалық тапсырмалар орындайды. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>Қимылды ойыны. «Күн мен түн» Мақсат-міндеттер: Балалардың есте сақтау қабілетін дамиды.</p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>9.40-9.45</p>	<p>«Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Отбасы туралы мнемотехника бойынша тақпақ жаттау. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау. (қазақ тілі, танымдық іс-әрекет)</p>	<p>"Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар жасыру. Суреттер бойынша әңгімелеу. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>"Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
--	------------------	--	--	---	---	--

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>9.45 - 11.10</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Буынға бөлейік" Мақсат-міндеттері. Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын үйрету.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Буынға бөлейік, пысықтау" Мақсат-міндеттері. Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын пысықтау.</p>	<p>Математика негіздері "Мен отбасымда нешіншімін?" Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыру.</p>	<p>Математика негіздері "Мен отбасымда нешіншімін?" Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыр уды пысықтау.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар". Мақсат-міндеттері. Сөз бен дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын, дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру.</p>
		<p>Қазақ тілі "Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі". Мақсат-міндеттері. Тәрбиеленушілерді амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен таныстыру; үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуді, қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдануды әдетке айналдыру; ойыншықтардың түрлері мен атауларын ажыратуды үйрету; [-ә], [-ө] дыбыстарымен таныстыру, сөздер мен сөз</p>	<p>Математика негізі "Мен және менің достарым". Мақсат-міндеттері. Балаларды сандар жолағымен таныстыру, алты саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру; "бір" цифрымен таныстыру.</p>	<p>Қазақ тілі Дыбыстар мен әріптер. Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар мен әріптер туралы түсінік беру, оларды бір-бірінен айыра білуді үйрету және дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріп сырын ұғындыру. Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру, қаламмен жазуды үйрету. Балаларды балабақшаның тыныс-тіршілігімен таныстыру. Сурет</p>	<p>Сөйлеуді дамыту "Біздің балабақша тақырыбынд а әңгімелесу" пысықтау. Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбынд а әңгімелесу, балабақша және балабақшада</p>	<p>Мүсіндеу "Көмекшіміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды тұзды қамырды жұмсарту; қамырдың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, қамырды домалату, жалпайту, жаю, шымшып бір-біріне біріктіру әдістерін пайдалана отырып мәнті жасауды үйрету.</p>
			<p>Музыка "Білімнің - бұлағың" Мақсат-міндеттері. Балаларға күйді тыңдай отырып, сыр-сипатын ажырата білуді үйрету.</p>			<p>Дене шынықтыру "Төрт тағандап жүріп, допты баспен итеру". Мақсат-міндеттері. Балалардың сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау ережесін қалыптастыру; еңбектеп жүріп, допты баспен итеруді үйрету.</p>

Серуенге дайындық	11.10 - 11.15	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (дербес әрекет)
--------------------------	------------------	--

Серуен	11 :15-11.30	<p>Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Көгөністерге салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; көгөністерге тән ерекшеліктер туралы ойларын бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау. Зерттеу. Сәбіз бен қызылшаның тұқымын анықтау (түсі, мөлшері). Топқа (табиғат бұрышына) отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып алу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы егінді жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Көгөністерді қазуды үйрету; топпен жұмыс істеуді</p>	<p>Күзгі орманды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Діңі мен жапырақтарының түсі бойынша қайың мен көктеректі ажыратуды үйрету, ағаш бөліктері (діңі, бұтақтары, түбірі) туралы ойды бекіту; туған өлкенің табиғатына сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гербарий үшін көктерек пен қайың жапырақтарын жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жапырақтарды ажыратуды үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Секірейік". Мақсат-міндеттері. Ұғандыққа өкіну.</p>	<p>Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: көгөністерді жинауға арналған ұжымдық еңбек. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Қияр, қияр". Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, күшпен лақтыру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға орындалатын</p>	<p>Торғайларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: қызылшаны жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеуді</p>	<p>Қайың ағашын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қайың ағашының белгілерін атау; оны басқа ағаштардан ажырату; ағаштың сұлулығына қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністерді жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ұйымдасып жұмыс істеуді үйрету; топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қояндар мен қасқыр". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз іс-әрекеттерімен қарым-</p>
--------	--------------	--	--	---	---	--

Серуеннен оралу	11.30 - 11.50	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	11.50 - 12.30	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен. Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ұйқы	12.30 - 15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. «Үйшік» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. «Қолғап» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	15.10-15.30	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (дербес әрекет, мәдени-гигиеналық іс-әрекет)				
Бесін ас	15.30-16.00	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>16.00-16.15</p>	<p>Вариативті компонент - Жас зерттеуші "Аквариумдағы балықтар" Мақсат-міндеттер: балаларға табиғат бұрышындағы жануарларға (балыққа) күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгерту; аквариум туралы білімдерін пысықтау.</p> <p>Дидактикалық ойын. "Тергеушілер". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға әртүрлі заттарды кезекпен көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі". Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшандығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді жылдам таба алмаған бала айыбын өтейді, өз өнерін көрсетеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын</p>	<p>Вариативті компонент - Ағылшын тілі "Hello. Greeting. Letter Aa." Мақсат-міндеттер: "Hello. What is your name?" лексикалықбірліктер іментаныстыру, жаңаАәрпінжәнеос ыәріптенбасаталаты н, apple, ant сөзінүйрету.</p> <p>Дамытушыойын. "Қайдаболғанымыз дыайтпаймыз, көргеніміздікөрсеті пқайтамыз". Мақсат-міндеттері. Балалардыңойлау, елестетуқабілеттерін , логикасын, тапқырлығындамыту . Шарты. Жүргізуші. 1-нұсқа. Педагогжұмбақтард ықимыларқылықкөрс етеді, балаларкөрсетілгенз атты, жан-жануарларды, құбылыстыкөрсетеді</p>	<p>Дамытушыойын . "Сынықтелефон". Мақсат-міндеттері. Балалардыңесту, түйсік, ойлауқабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққатә рбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Ойын басында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға</p>	<p>Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу". Мақсат-міндеттері. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуға жаттықтыру; балалардың тыныс алу жүйесін нығайту, салмақтылыққа тәрбиелеу. Шарты. Педагог жаттығуды санау арқылы өткізеді. Содан соң жиі немесе сирек (терең дем алу) тыныс алу жаттығуларын ұйымдастыруға болады. Жаттығуды жүргізуде белгілі санамақты немесе такпақты, әнді айтқызып, жаттықтыруға болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Театрландырылған қойылым. "Үйшік" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоцияның</p>
--	--------------------	---	--	--	---	--

Балалармен жеке жұмыс	16.15-16.20	<p>"Менің отбасым", отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту; отбасы туралы білімдерін жетілдіру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p>	<p>"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту. Мысалы: Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде - бесеуіміз. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Педагог үстелден бір затты алып тастайды. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту. Мысалы: Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде - бесеуіміз. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Санамақтар айтқызу. М. Қуанышбеков "Санамақ". Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің. Нешеу болды, қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ - балапанын. (танымдық іс-әрекет, қазақ тілі, зерттеу іс-әрекеті)</p>
Серуенге дайындық	16.20-16.25	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	16.25- 16.40	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	16.40- 16.45	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	16.45- 17.00	«Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу».

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Ақберен

Топ: Қарлығаш мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09 - 15.09.2023ж.

Педагогтың аты-жөні З. Аязова Г. Ботабекова

Апта күндері	Уақыты	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	8.00 - 08.15	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатын алып, дене қызуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бойы мен салмағын өлшеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	08.15 - 8.20	«Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу.				

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>8.20 - 8.30</p>	<p>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу. 1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу 3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады). Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - оң аяққа еңкею. 2 - ортаға еңкею. 3 - сол аяққа еңкею. 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады). Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 4 - оң аяқпен секіру. 1 - 4 - сол аяқпен секіру. 1 - 4 - екі аяқпен секіру. (дене шынықтыру)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>8.30 – 9.30</p>	<p>Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. М. Жаманбадиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>9.30 - 9.40</p>	<p>"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптармен ұқыпты жұмыс істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда өз төсегін ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқаға көмектесуге ұмтылыстарын тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
---	--------------------	---	--	---	--	---

<p>ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)</p> <p>Құрылыс ойындары. «Иттің үйшігі». Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, жануарларға сүйіспеншілігін дамыту. Ойын атрибуттары. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог балаларға өз үйлерін құрастыруды ұсынады. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>Үстел үсті ойыны. "Лото". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. Түрлерінің ұқсастықтарына қарай әрбір бала қандай да бір геометриялық пішінді алады, соған ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>«Биік үй» Құрылыс материалдарына н құрастыру Міндеттер: Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден үй құрастыра алады.</p>	<p>Үстел үсті ойыны. «Ойық ішіндегі заттарды орналастыру». Мақсат-міндеттері. Балалардың таным, зейін, қабілетін дамыту. (танымдық іс-әрекет)</p> <p>Зерттеу іс әрекет: Тақырыбы: Түрлі түсті бояулар Міндеттер: түстердің өзгерістеріне зерттеу жүргізеді.</p> <p>Логикалық ойын: «Деньеш блогтары» Міндеттер: ұжыммен жұмыс жасауға дағдыланады. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>Үстел үсті ойыны. "Лото". "Үй жануарлары". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. Карточкаларды түсіне қарай іріктеу. (танымдық іс-әрекет)</p> <p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Қоян сәбізді жақсы көреді" Міндеттер: балаларды мақта табақшаларын қайшының көмегімен тең ортасынан екі бөлікке кесіп, кесілген бөліктерден қоянды жазық қағаз бетіне жапсыруды үйрету. (шығармашылық дағды)</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Жаңбырлы күн" Міндеттер: балаларды дымқыл қағаз бетінде бояуларды араластыру техникасына үйретуді жалғастыру; сұр, көк, күлгін түстердің реңктерін талғаммен қолданып, қылқаламмен жаңбырлы күн құбылысын салу техникасын игерту.</p> <p>Қадыр Мырза Әли "Санамақ". Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық ... Сен, қал! Сен, шық! (танымдық іс-әрекет)</p>
---	---	--	---	--

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>9.40-9.45</p>	<p>Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Табиғат әлемі тақырыбында әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Керекті киімді тап" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету; зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды дамыту. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p>	<p>"Жәндікті ата" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p>
--	------------------	---	--	---	---	--

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>9.45 - 11.10</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Сөйлеммен танысайық". Міндеттері. Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйрету. Қазақ тілі "Отбасы мүшелері". Міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы білімдерін дамыту және толықтыру, отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; [-қ] дыбысымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-қ] дыбысын дұрыс дыбыстауды үйрету; отбасы мен туыстық атауларды білдіретін сөздерді қазақ тілінде түсінуге, айтуға, қолдануға дағдыландыру; айтылым, тыңдалым және еркін диалогке түсу қабілеттерін дамыту; отбасы мүшелері мен жақындарына сүйіспеншілік пен мейірімділікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Спорт - көркі өмірдің". Міндеттері. Балаларда қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен секірту;</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Сөйлеммен танысайық". Міндеттері. Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйрету. Математика негіздері "Күнтізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының тәуліктегі уақытты мөлшерлеуі)" Мақсат-міндеттері. Балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы білімдерін бекіту; қазақ халқының тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, өз күнтізбе жоспарын осы атауларға сәйкестендіруге жатыттықтыру. Музыка "Сағындым, әже, сағындым" Міндеттері.</p>	<p>Математика негіздері "Жұбын тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың "екі" саны мен цифры жайлы білімдерін нақтылау; реттік сан туралы ұғымдарын жандандыру; заттарды санау арқылы салыстыру дағдыларын пысықтау. Қазақ тілі "Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем). Отбасы мүшелері." Міндеттері. Өзінің аты-жөнін, тегін атау; ата-анасының, бауырлары мен әпке-сіңлілерінің есімдерін атау; өзінің туған күнін айту; отбасындағы өз міндеттерін атау және орындау; сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру; оқу әрекетіне қызығушылығын</p>	<p>Математика негіздері "Ауылдағы қызықтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың уақыт пен тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейту; тәулік бөліктерін ажыратып, нақты атауға жаттықтыру. Сөйлеуді дамыту "Отбасында біз бесеуміз" пысықтау. Міндеттері. Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту. Музыка "Менің әжем ең жақсы адам" Міндеттері. Балаларды нотамен таныстыру, нота атаулары туралы түсінік беру; әнді тыңдай отырып, мағынасын түсініп, сыр-сипатын ажыратуды үйрету.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Дауысты дыбыспен танысайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға дыбыс туралы түсінік беру, дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшелігі туралы түсінік беру. Жапсыру "Менің үйім осындай" Міндеттері. Балаларға қағаз бетіне геометриялық пішіндерден үйдің дайындамаларын орналастыруды және желімдеуді үйрету. Дене шынықтыру "Қанат үстімен ауыспалы қадам жасап жүру" Мақсат-міндеттері. Балаларға қанат үстімен ауыспалы қадаммен жүруді үйрету; баянат (рапорт) қабылдау ережесіне дағдыландыру. Көркем әдебиет "Менің сүйіктісі</p>
---	---------------------	---	--	--	--	--

Серуенге дайындық	11.10 - 11.15	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	------------------	---

Серуен	11 :15-11.30	<p>Торғайларды бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Торғай туралы білімді бекіту және бақылауды жалғастыру; сөздік қорларын торғай туралы көркемсөзбен байыту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы сыпыру. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</p> <p>"Ұядағы құс".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілік, зейін қабілеттерін, қимылдарды үйлестіруді дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралдарымен</p>	<p>Қайыңды бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қайыңға тән белгілерді бақылауды жалғастыру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</p> <p>"Түстерді тап".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша түстерді табу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар</p>	<p>Жапырақтарды бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Алтын күздің алуан түрлілігімен, "жапырақтың түсуі" ұғымымен таныстыру; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақшадағы қоқыстарды жинау. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеу дағдыларын бекіту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</p> <p>"Үйінді тап".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері. (дене шынықтыру)</p>	<p>Көліктерді бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Көліктерді мақсатына қарай ажырата білуді үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін игеруге ұмтылысын қалыптастыру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды белгілі бір жерге жинау жолдары. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеу қабілетін бекіту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</p> <p>"Түрлі түсті көліктер".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Жерде жатқан жапырақтарды бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын молайту; ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру; табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жұмысты бірлесіп орындауға ұмтылысты дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</p> <p>"Аттар".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін</p>
--------	--------------	--	--	--	---	---

Серуеннен оралу	11.30 - 11.50	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	11.50 - 12.30	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. М. Жаманбадиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	12.30 - 15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба» (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Алтын сақа ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Аудио тыңдау М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні». (музыка)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	15.10-15.30	Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеру, аяқты кезек-кезек сермеу. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Бесін ас	15.30-16.00	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>16.00-16.15</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?" Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілге қатысты құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын және жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; көрнекті</p>	<p>Вариативті компонент. Жас зерттеуші "Үй жануарларының төлдері (күшік)" Міндеттер: балаларды үй жануарларының бірі күшікпен таныстыру; ересектердің көмегімен күшікке қамқорлық жасай білуге дағдыландыру.</p> <p>Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер". Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты. Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде</p>	<p>Вариативті компонент - Ағылшын тілі "How are you?" Мақсаты: "How are you?, I am fine, I am good, I am great, I am sad, Thank you!" лексикалық бірліктерін беру.</p> <p>Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. Жүргізуші. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтардың қимыл-арқылы көрсетеді. Балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи құбылыстардан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуды, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауыштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Табиғат құбылыстарының дыбыстары</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Ұстап ал да, түсін ата". Мақсат-міндеттері. Балалардың допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі затты (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атауға жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту. Құралдар. Доп. Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Шығармашылық іс-әрекет"</p>
--	--------------------	--	---	---	--	--

Балалармен жеке жұмыс	16.15-16.20	Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет)	"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Тақпақ айтқызу. Ескен Елубаев "Күзде". Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп? Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп? Қамба толды астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Күз" тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. (танымдық іс-әрекет)	Күз мезгіліне тән табиғи ерекшеліктерге байланысты жұмбақтар шешу. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	16.20-16.25	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	16.25-16.40	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуеннен оралу	16.40-16.45	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				

<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>16.45-17.00</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>	<p>«Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу.</p>	<p>Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу.</p>	<p>Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.</p>	<p>«Менің достарым» тақырыбына әңгімелесу.</p>
---	--------------------	---	---	--	---	--

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Ақберен

Топ: Қарлығаш мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.09 - 22.09.2023ж.

Педагогтың аты-жөні З.Аязова Г. Ботабекова

Апта күндері	Уақыты	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	8.00 - 08.15	Балалардың терісін, сыртқы көрінісін тексеру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру; балаларға жағымды орта ұйымдастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	08.15 - 8.20	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.				
Ертеңгілік жаттығу	8.20 - 8.30	<p>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.</p> <p>1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.</p> <p>1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу</p> <p>3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).</p> <p>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.</p> <p>1 - оң аяққа еңкею.</p> <p>2 - ортаға еңкею.</p> <p>3 - сол аяққа еңкею.</p> <p>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).</p> <p>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.</p> <p>1 - 4 - оң аяқпен секіру.</p> <p>1 - 4 - сол аяқпен секіру.</p> <p>1 - 4 - екі аяқпен секіру. (дене шынықтыру)</p>				

Таңғы ас	8.30 – 9.30	Гигиеналық дағдылар Міндеттер: әдептілік ережелерін бекіту. Түскі асқа дайындық, дастархан жайу; қызметшілермен әңгіме; балаларға мәзірмен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық дизайнына аудару. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
-----------------	----------------	---

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>9.30 - 9.40</p>	<p>"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, оның сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шанды кетіру әдісін таңдауды үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Асхана бойынша кезекшілік". Міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін адал орындауды үйрету. Балаларға айтылатын нұсқаулар. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият жинау. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Кір сүлгілерді ауыстыру". Міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Адал еңбектенуге, ересектерге көмектесуге ниетін тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
--	--------------------	---	---	--	--	--

<p>Үстел үсті ойыны. "Жалпы атауын бер". Міндеттері. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды. (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, қыздар мен ұлдардың киімдері). (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>"Адамның сезім мүшелері" Міндеттер: балаларды адамның сезім мүшелерімен таныстыру; сезім мүшелері туралы қарапайым түсінік беру; сезім мүшелерінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. М. Әлімбаев "Он саусақ". Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты жоғары көтеру, бүгу) Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз) Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз) Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз) Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алдыға қарай созамыз) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Домино». Міндеттері. «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс ататқызу, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар. Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Дамытушы ойын "Төлін тап". Мақсат-міндеттері. Үй жануарларының төлін табу арқылы балалардың білімдерін бекіту. Үй жануарларының төлдерін табуды үйрету. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті,</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Суретті құрастыр». Міндеттері. Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Ойын шарты. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспей, кім өз суретін жылдам құрастырып, дұрыс атаса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері. (көлемдері 7×8 см карточкалар). (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-</p>	<p>Дамытушы ойын. "Мен өзіммен бірге жолға аламын". Міндеттері. Логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: заттардың суреттері бейнеленген карточкалар. Сипаттама. Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау қажет. Баладан бір суретті жеке алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады,</p>
---	---	--	--	--

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>9.40-9.45</p>	<p>ҚР Рәміздері туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>ҚР Елбасы мен президенті туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Туған тіл туралы мақал-мәтелдерді жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Астана қаласының суретіне қарап әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Туған тілім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
--	------------------	--	--	--	--	--

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>9.45 - 11.10</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Дауысты дыбыстар". Міндеттері. Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру. Қазақ тілі "Уақыт. Күн тәртібі және тәулік бөліктері". Міндеттері. Балалардың ұғымындағы күннің бөліктері туралы білімдерін кеңейту. Күндер, күн тәртібі туралы тұрақты түсінік қалыптастыру; уақыт ұғымын нақтылау, уақытпен санасу қажеттілігін көрсету; [ү] дыбысының дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру; халық шығармашылығының үлгілері мен уақыт туралы мақал-мәтелдермен таныстыру; уақыт пен күн тәртібіне сәйкес іс-әрекеттері бар суреттерді таңдауда белгілі бір оқиға туралы қарапайым сөйлемдер құру, өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Дене шынықтыру "Допты ойнау"</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Дауыссыз дыбыспен танысайық" Міндеттері. Дыбыс туралы түсінік беру, дауыссыз дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру. Математика негіздері "Қазақстанымды не үшін сүйемін?" Міндеттері. Балалардың сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, тура және кері санауды үйрету. Музыка "Бақа, бақа, бақ-бақ". Міндеттері. Балаларды халық әнін тыңдай отырып, мағынасын түсінуді үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру. Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Математика негіздері "Қазақстанымды не үшін сүйемін?", пысықтау. Міндеттері. Балалардың сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, тура және кері санауды үйрету. Қазақ тілі "Дауысты дыбыстар. Жуан және жіңішке дыбыстар". Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дауысты дыбыстар жуан және жіңішке болып бөлінетіні туралы түсінік беру. Есту, айту арқылы дыбыстарды түрлеріне қарай ажыратуды үйрету; ертегі тыңдатып, қиялдарын дамыту, ой-өрістерін кеңейту; сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға даярлау және артикуляциялық аппаратын дамыту; білуге құштарлықтарын арттыру; балаларды ұқыпты, таза, көркем жазуға дағдыландыру. Дене шынықтыру "Сапқа тұр". Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Математика негіздері "Қазақстанымды не үшін сүйемін?", пысықтау. Міндеттері. Балалардың сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, тура және кері санауды үйрету. Сөйлеуді дамыту «Суыр, сұңқар, су қайда?» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және судың адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың жанды құбылыстарына қажеттілігін түсіндіру. Музыка "Табиғат көрінісі". Мақсат-міндеттері. Балаларды халық әнін тыңдау, мағынасын түсінуді үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Дауыссыз дыбыспен танысайық" пысықтау. Міндеттері. Дыбыс туралы түсінік беру, дауыссыз дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру. Құрастыру "Қаңқыз" Міндеттер. Балаларды қағаздан құрастырудың түрлі әдістерін қолдана отырып, жапырақтың үстінде қозғалып тұрған қаңқызды жасауды үйрету; қаңқызды жасау барысында қайшымен жұмыс істеу іскерлігін дамыту; шеңберді тең ортасынан қайшымен қиып, фломастермен қара дақтарды салу іскерліктерін жетілдіру; қағаз туралы білімдерін жетілдіре отырып, жәндіктердің күз маусымындағы тіршілігін пысықтау; табиғат әлеміне</p>
---	---------------------	--	---	--	--	--

Серуенге дайындық	11.10 - 11.15	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	------------------	---

Серуен	11 :15-11.30	<p>Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: күзгі жапырақтарды жинау. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеуге құштарлықты тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</p> <p>"Аққу-қаздар", "Ұстап ал".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрету; достық қатынастарды дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Мені қуып жет". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету.</p>	<p>Ауа райының жағдайын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыс - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауды үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қоқыстарды жинау. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</p> <p>"Кім жылдам", "Батпырауық және тауық".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жүгіру, көтерілу, секіру қабілеттерін</p>	<p>Қайыңды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жыл мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аумақты тазарту. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</p> <p>"Қайыңға қарай жүгір".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауды үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Өзенді кесіп өт". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Еренмен тіке және</p>	<p>Жыл құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскен кезде құстардың тіршілігі; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаш тұқымдарын жинау. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұқым жинауға ынталандыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</p> <p>"Ит пен торғай".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Торғай мен итке тән қимылдары туралы білімді бекіту; олардың дауыстарына әліптәнді үйрету.</p>	<p>Бақшадағы күзгі жұмысты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жүйектерді үгінділермен толтыру. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жұппен жұмыс істеуді үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</p> <p>"Қай жерде жасырынғанын тап".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жұмыс және жүгіру</p>
--------	--------------	---	---	---	---	---

Серуеннен оралу	11.30 - 11.50	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық іс-әрекет)				
Түскі ас	11.50 - 12.30	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: әдептілік ережелерін бекіту. Түскі асқа дайындық, дастархан жайу; қызметшілермен әңгіме; балаларға мәзірмен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық дизайнына аудару. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	12.30 - 15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.	Өз төсектерін салуды біледі. Аудио тыңдау Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Алтын сақа ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Аудио тыңдау М.Беспаетің «Әлди, әлди әні». (музыка)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	15.10-15.30	Ұйқыдан тұрғаннан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін жамылған күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының бірнешеуін ғана орындайды; (төсекте жатқанда 2-3 минут гимнастика жасау балалардың ұйқысы ашылуына бағытталған). Жаттығуларды ояу балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.) Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				

Бесін ас	15.30- 16.00	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: әдептілік ережелерін бекіту. Түскі асқа дайындық, дастархан жайу; қызметшілермен әңгіме; балаларға мәзірмен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық дизайнына аудару. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
-----------------	-----------------	--

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>16.00-16.15</p>	<p>Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Суреттер жұптары (екінші суретте, бірінші суретке қарағанда көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретті көруге ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана". Мақсат-міндеттері:</p>	<p>Вариативті компонент - Ағылшын тілі "Saying goodbye. Letter Bb" Міндеттер: "Goodbye!, bear, bee" лексикалық бірліктерін беру. Қарым – қатынас дағдыларымен білімін қалыптастыру.</p> <p>Логикалық ойын. "Келешекте неге айналады?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемочарточкалар болуы мүмкін. Педагог</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі". Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды орнатуды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің отбасында атқаратын</p>	<p>Дамытушы жаттығу. "Не өзгерді?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12-ге дейін жеткізуге болады. Ойыншықтар сапта тұрғанда балалар олардың реттік санын айтуы мүмкін. Балалар көзін жұмып, педагог ойыншықтардың қатардағы тұрғанын өзгертеді. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың қай орынға ауысқанын айтады.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары). Мақсат-міндеттері. Балалардың белгілі құбылыстар салынған карточкаларды логикалық екі карточка жұптарына жинап, біріктіру; білімдерін жүйелей білу, еске сақтау, ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; түрлі құбылыстарға қызығушылықтарды арттыру; ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі табиғи құбылыстар салынған сурет-карточкалар. Шарты. Балалар табиғат құбылыстарын шартты белгілі суреттерге қосып, логикалық жұптарды құрастыру керек. Логикалық жұптар тізбегінің мнемочарточкалары</p>
--	--------------------	--	---	---	---	---

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>16.15-16.20</p>	<p>Артикуляциялық жаттығулар. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең-тақпақтарды айтқызу. Асқаржан Сәрсекөв "Туған елдің ұлымын". Аспанымдай мөлдірмін, Жайлауымдай жазықпын, Өзенімдей өршілмін, Гүлдерімдей нәзікпін. Қуат алған өзінен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген Отанымның гүлімін. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі (көлемі) бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Артикуляциялық жаттығулар. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Жұмбақ сан". Мақсат-міндеттері. Балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; алдыңғы және кейінгі сандарды алғашқы ондықта анықтау дағдыларын нығайтуға көмектесу. Сипаттама. Мысалы, үш санынан үлкен, бірақ бес санынан аз; қай сан үштен аз, баладан оны айтуды сұраңыз. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал педагог аталған саннан көп немесе аз деп айтады. Содан кейін сіз баламен рөлдерді ауыстыра аласыз. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>16.20-16.25</p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюлерін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				

Серуен	16.25-16.40	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуеннен оралу	16.40-16.45	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	16.45-17.00	«Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру.	Ата-аналарға кеңес: "Үйдегі уақытты балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру".	"Балаға дұрыс сөйлеуді қалай үйретеміз?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Отбасында саламатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлер» тақырыбына сұрақ-жауап.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Ақберен

Топ: Қарлығаш мектепалды топ

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.09 - 29.09.2023ж.

Педагогтың аты-жөні З. Аязова Г Ботабекова

Апта күндері	Уақыты	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	8.00 - 08.15	Балалардың дене қызуын өлшеу, жалпы сыртқы көрінісін тексеру, көңіл күйін байқау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	08.15 - 8.20	Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалардың қалай қатысатыны және оларға қажетті оқу құралдары туралы әңгімелесу.				

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>8.20 - 8.30</p>	<p>1. "Секіртпені соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау. 1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу. 2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу. 2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру. 1 оңға еңкею. 2 бастапқы қалыпқа келу. 3 солға еңкею. 4 бастапқы қалыпқа келу. 3. "Отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде. 1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру. 2 бастапқы қалыпқа келу. 4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату. 1-3 артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты көтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға қарай жоғары көтеру. 4 бастапқы қалыпқа келу. 5. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстау, қолды төмен түсіріп тұру. 1 заттардан аттап жүру. 2 секіртпемен еркін секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>8.30 – 9.30</p>	<p>Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>9.30 - 9.40</p>	<p>"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам орындау. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, жұмысты ұқыпты істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинау мен тәртіпке келтіру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
--	--------------------	--	--	--	---	---

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>9.40-9.45</p>	<p>Алтын күз тақырыбы бойынша күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Күз" туралы жұмбақтар шешу. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>"Күз" туралы тақпақтар жаттау. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>"Күз" тақырыбына байланысты мнемокарталармен жұмыс істеу. Балалар суретке бойынша толық мәтінді құрастырады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Мозаика. Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, олардың түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>
--	------------------	---	---	---	---	--

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>9.45 - 11.10</p>	<p>Сауат ашу негіздері "Дауыссыз дыбыстар". Мақсат-міндеттері. Дауыссыз дыбыстың ерекшелігін айту, балалардың ұғымындағы сөз, сөйлем, буын туралы ойларын қалыптастыру.</p> <p>Қазақ тілі "Менің Отаным - Қазақстан. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы Қазақстан Республикасының рәміздері, отан туралы түсініктерін кеңейту, Қазақстанның табиғи байлықтарын насихаттау; І әрпімен таныстыру, дыбысталу ерекшелігіне бейімдеу; Қазақстан жайлы өлеңдермен, отан туралы мақал-мәтелдермен таныстыру; балаларды Мемлекеттік Елтаңба мен Тудың бейнесіндегі ерекшеліктерді ажыратуды және еске сақтауды үйрету; зат есім мен сын есім бар сөз тіркестерін құрастыру, оларды түрлендіріп қолдануға дағдыландыру; балаларды отансүйгіштікке, бірлікке тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру "Кел, күш сынасайық"</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[а] дыбысы және А а әрпі" Мақсат-міндеттері. Балаларға [а] дыбысы және А а әрпін таныстыру.</p> <p>Математика негіздері "Тәулік бөліктерін қайталау". Мақсат-міндеттері. Балалардың уақыт пен тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейту; тәулік бөліктерін ажыратуды, нақты атауды қайталау.</p> <p>Музыка "Ана тілім". Мақсат-міндеттері. Балаларды тіл туралы әнді қызыға айта білуге үйрету; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Рәміздер - ұлттық құндылық" Балаларға</p>	<p>Математика негіздері "Астанаға саяхаттап барамыз". Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың кеңістіктегі оң жақта, сол жақта орналасуы жайлы түсініктерін кеңейту; заттарды сандық мөлшері бойынша салыстыруды жаттықтыру.</p> <p>Қазақ тілі "Менің Отаным - Қазақстан. [А], [Ә] дыбыстары Мақсат-міндеттері. Балаларды [-а], [-ә] дыбыстары және А а және Ә ә әріптерімен таныстыру. А, Ә әріптерін ауа арқылы жазып көрсету Жазуға қолдарын жаттықтыру. Ұқыптылыққа, сауаттылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Кел, күш сынасайық" пысықтау. Міндеттері. Балаларға заттардан аттап өту; бір сандыққа қайыптан</p>	<p>Математика негіздері "Саябақтың жапырақтарын кім санапты?" Мақсат-міндеттері. Балаларды сопақша мен үшбұрышты дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажыратуға жаттықтыру; заттардың салмағын өлшеміне қарай қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауды үйрету</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Рәміздер - ұлттық құндылық", пысықтау. Міндетер. Балаларға Қазақстан Республикасының Мемлекетінің рәміздері туралы түсіндіру. Тіл байлықтарын дамыту. Қазақстанның жері мен қалаларын таныстыру. Мемлекеттік</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[а] дыбысы және А а әрпін қайталау" Міндеттері. Балаларға [а] дыбысы және А а әрпін қайталату.</p> <p>Сурет салу "Киіз үйді безендірейік" Міндеттер: балаларды киіз үйдің пішініне қазақ оюларының "гүл", "ірек" сияқты өрнекті элементтерін үйлестіріп салу техникасына үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Гимнастикалық орындықта білек пен тізеге сүйене отырып еңбектеу" Мақсат-міндеттері. Балаларды гимнастикалық орындықта білек пен тізеге сүйене отырып еңбектеуге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру.</p> <p>Көркем әдебиет "Ана тілім - байлығым" пысықтау. Міндеттері. Бірдің</p>
---	---------------------	---	--	--	--	--

Серуенге дайындық	11.10 - 11.15	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (дербес әрекет)
--------------------------	------------------	---

Серуен	11 :15-11.30	<p>Қара жидекті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қара жидекпен танысуды жалғастыру. Зерттеу. Қара жидек жапырақтарын үлкейткіш әйнек арқылы қарау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Еңбек әрекеттерін орындауды; топта жұмыс істеуді үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Орман жолдары". Мақсат-міндеттері. Жағдайларға байланысты қозғалыстарды түрлендіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар, қозғалыстарды дамыту. Жалпы дамыту жаттығулары. Мақсат-міндеттері. Жалпы дамытушы жаттығуларға қызығушылықты сақтау. (дене шынықтыру)</p>	<p>Тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тастар туралы, жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру. Зерттеу. Тасты үлкейткіш әйнек арқылы тексеру. Не көрінеді? (Жарықтар, өрнектер.) Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы тастарды жинау және олардан композиция құрастыру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді үйрету; шығармашылық қиялын дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Тас, қайшы, қағаз", "Елті жұл"</p>	<p>Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Желдің күшін анықтауды үйренуді жалғастыру; балалардың ұғымындағы жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, істелген жұмыстан рақат алуды үйретуді жалғастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Батпырауық пен тауық". Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрықтарын тындауды үйрету; зейінді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. (дене шынықтыру)</p>	<p>Жапырақтың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін кеңейту. Зерттеу. Бірден құлап түскен жапырақтарды табу; жан-жаққа тербеліп ақырын ұшатын жапырақтарды табу; бұтақтарға жабысып ұшатын жапырақтарды табу; түскен жапырақтардан асфальтқа өрнек салу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша алаңында жапырақты тазартуға сыпырушыға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Мақсатқа бірлескен күш-жігермен жете отырып, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бақыту.</p>	<p>Қарақатты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қарақатпен таныстыруды жалғастыру. Зерттеу. Қарақат пен итмұрын арасындағы айырмашылықтарды табу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ересектерге бақшада өсетін бұталарға күтім жасауға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілеті мен тілегін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Жыртқыш" Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын, әптілікті дамыту.</p>
--------	--------------	--	--	---	--	---

Серуеннен оралу	11.30 - 11.50	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	11.50 - 12.30	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.				
Түскі ұйқы	12.30 - 15.10	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)	Өз төсектерін салуды біледі. Аудио тыңдау Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Қаршақыз» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	15.10-15.30	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	15.30-16.00	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>16.00-16.15</p>	<p>Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін айтуға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағы сияқты кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғардан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағашты ұясында емес"</p>	<p>Дамытушы ойын. "Сынық телефон". Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында, педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуды, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керектігін айтады. Балалар табиғат құбылыстарының</p>	<p>Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы". Мақсат-міндеттері. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болғанымен, біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды". (қорықпайтын іс-әрекет)</p>	<p>Вариативті компонент. Жас зерттеуші "Алтын күз" Міндеттер: табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу. Сөздік жаттығу. "Жаңа сөзді құрастырайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, олардың қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері</p>
--	--------------------	--	--	---	--	--

Балалармен жеке жұмыс	16.15-16.20	<p>Дидактикалық ойындар. "Геометриялық пішіндер". Мақсат-міндеттері. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып айтуды үйрету. Көрнекілік. Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер. Барысы. Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып, педагогтің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс (ұшбұрыш, шаршы, дөңгелек және тағы басқа). Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды. Тапсырмалар: а) дөңгелектерден біреуін артық етіп, ұшбұрыштарды қойыңдар (үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді); б) дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар (бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді); в) дәл осындай пішінді көрсетіңдер (дөңгелекті көрсетеді) және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіңдер. Ойын соңында қорытынды</p>	<p>Саусақ театры. "Қасқыр және жеті лақ" ертегісін саусақ театры арқылы сахналау. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, еске сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы. Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Мұқатай Жылқыайдарұлы "Күз" . Алма, өрікті қамбаларға Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. Бұлт болып та Алатауға Байланыпты алтын күз. Дастарқанда таба нанға Айналыпты алтын күз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қаланың есте қаларлық жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту. Барысы. Астана - еліміздің әдемі, үлкен қаласы. (танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>
-----------------------	-------------	---	--	--	---	--

Серуенге дайындық	16.20-16.25	Балаларға топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, орнына қойып, киімдерді ретімен киюді үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. (дербес әрекет)				
Серуен	16.25-16.40	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуеннен оралу	16.40-16.45	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	16.45-17.00	Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарда мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-анаға балабақшаға уақытында келуін ескерту.	Айына бір рет отбасы күнін өткізу.	"Қош келдің, Алтын күз!" тақырыбына жоба ұйымдастыру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Ақберен

Топ: Қарлығаш мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.10 - 06.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні З. Аязова Г.Ботабекоа

Апта күндері	Уақыты	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	8.00 - 08.15	Балалардың дене қызуын өлшеу, жалпы сыртқы көрінісін тексеру, көңіл күйін байқау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	08.15 - 8.20	Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалардың қалай қатысатыны және оларға қажетті оқу құралдары туралы әңгімелесу.				

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>8.20 - 8.30</p>	<p>1. "Секіртпені соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау. 1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу. 2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру. 1 оңға еңкею. 2 бастапқы қалыпқа келу. 3 солға еңкею. 4 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>3. "Отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде. 1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру. 2 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату. 1-3 артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты көтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға қарай жоғары көтеру. 4 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>5. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстау, қолды төмен түсіріп тұру. 1 заттардан аттап жүру. 2 секіртпемен еркін секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>8.30 – 9.30</p>	<p>Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p> <p>Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да. Келген асты алдыға Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>9.30 - 9.40</p>	<p>"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің коректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, адал жұмыс істеу, тәртіпке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинау мен тәртіпке келтіру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
--	--------------------	---	--	---	---	--

<p>ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)</p> <p>Үстел үсті ойыны."Лото". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейін, логикалық ойлау қабілетін,қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>"Кім шеңберде қалады?", "Тірі лабиринт" ойындары. Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдік, ептілік, қозғалыс жылдамдығы сезімін дамыту; бірлескен ұжымдық іс-әрекетке, тапқырлықты үйрету. (танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру)</p>	<p>Үстел үсті ойыны "Лото. Жеміс-жидектер мен көгөніс. Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс-жидек, көгөніс жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс айтқызу. Ойын шарты. Көгөністерді бақшаға, жеміс-жидектерді бауға орналастыру. Ойын іс-әрекеті. Үш үлкен карточкада бақша, бау мен гүлзар бейнеленген. Көлемдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Үстел үсті ойыны "Лото. Жыл мезгілдері". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін</p>	<p>"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Саналы логикалық ойлауды, еске сақтауды, зейінді жетілдіру. Педагог бірнеше заттарды (ойыншықтарды, заттық суреттерді) балалардың көз алдына белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бір-екі (не одан да көп) заттың орнын алмастырады. Көзін ашқан, заттарға қайта қараған балалар ненің өзгергенін айтады. Бұл ойында бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше айырмашылығы бар суреттер жұбын қолдануы мүмкін. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Топ, топ добым домалақ". Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің Үш, төрт, бес, - үлгердім Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті, - дегенде, Жеттің шоршып еденде. Сегіз, тоғыз, он - дедім Сайға сырғып жөнелдің (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Үстел үсті ойыны. "Сиқырлы сандар". Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар туралы білімдерін бекіту. Балалар сандар мозаикасын құрайды. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>"Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды, сигнал бойынша әрекет етуді үйрету. (дене шынықтыру)</p> <p>Еркін ойын. "Тыйым салынған қозғалыстар". Мақсат-міндеттері. Еске сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Ойын барысы.Ойыншылар шеңберге тұрады, педагог ортаға</p>
--	--	---	---	--

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>9.40-9.45</p>	<p>Алтын күз тақырыбында, күздің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Күз туралы жұмбақтар шешу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Күз туралы тақпақтар жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>"Күз" тақырыбына байланысты мнемочарточкалармен жұмыс істеу. Балалар сурет бойынша толық мәтінді құрастырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Мозаика. Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>
--	------------------	---	---	---	--	--

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>9.45 - 11.10</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[а] дыбысы және А а әрпі" Мақсат-міндеттері. Балаларға [а] дыбысы және А а әрпін таныстыру. Қазақ тілі "Жыл мезгілдері. Алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балаларға «күз», «жапырақтың түсуі» ұғымдарын; «алтын күз» туралы түсініктерін одан әрі дамыту; F әрпі және етістіктермен таныстыру; барлық жыл мезгілдерінде, күзде адам өмірінде болатын табиғи құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; мақал-мәтелдердегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналары туралы түсінік қалыптастыру; суреттерге сүйене отырып, балалардың «күз» тақырыбында интеллектуалды карта құра білуін дамыту, «күз» ұғымын анықтайтын негізгі сөз тіркестерін нақты айтуға дағдыландыру; карама-қайшылықтарды салыстыру негізінде сөз тіркестерін дұрыс таңдауға жаттықтыру; қазақ тілін түсіну және сөйлеуде көркемсөзді қолдануға бейімдеу. Дене шынықтыру "Кішкентай доптар". Мақсат-міндеттері. Балаларды тізенің арасына қапшықты қысып, екі аяқпен секіруді үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Себет толы көгөніс пен жеміс". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы көгөністер мен жемістер туралы түсініктерін тиянақтау; күз мезгіліне тәң құбылыстарды бақылай білу қабілеттерін жетілдіру.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[а] дыбысы және А а әрпін қайталау" Мақсат-міндеттері. Балаларға [а] дыбысы және А а әрпін қайталау. Математика негіздері "Сайқымазақтарды кім санапты?" Мақсат-міндеттері. Балаларда "үш" саны туралы түсінік қалыптастыру; "үш" жиын санының екі ең кіші элемент, "бір" және "екіден" құрылатыны туралы түсінігін дамыту. Музыка "Кел, ән тыңдайық!" Мақсат-міндеттері. Балаларды музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сыр-сипатын ажыратуды үйрету. Сөйлеуді дамыту Мұқатай Жылқайдарұлы «Күз». Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Балалардың күз туралы түсініктерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшелігін бақылату.</p>	<p>Математика негіздері "Сайқымазақтарды кім санапты?" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларда "үш" саны туралы түсінік қалыптастыру; "үш" жиын санының екі ең кіші элемент, "бір" және "екіден" құрылатыны туралы түсінігін дамыту. Қазақ тілі "Жыл мезгілдері. Алтын күз. О, Ө дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).". Мақсат-міндеттері. Балаларға [-о], [-ө] дыбыстарын, О о және Ө ө әріптерін таныстыру; [-о], [-ө] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, анық естуге, ажыратуға ынталандыру, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-о], [-ө] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) табуды үйрету; ойын тиянақты жеткізуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Мейірімділікке, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Күзгі табиғатты сипаттап, күз айларын атауды үйрету. Табиғатты аялауға, сүюге, қорғауға тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Достарыңа көмектес". Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі қарқында жүру; заттарды аттап жүгіру; заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) екі аяқпен секіруді пысықтау. Көркем әдебиет "Жұмбақтар әлеміне саяхат". Мақсат-міндеттері. Жұмбақтар туралы түсінік беру. Жұмбақты толық тыңдау, жауабын табуды үйрету.</p>	<p>Математика негіздері "Қанша салсаң, сонша жинайсың". Мақсат-міндеттер: балалардың "төрт" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "төрт" жиын санының екі ең кіші элемент, "бір" және "үш", "екі" мен "екіден" құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту. Сөйлеуді дамыту Мұқатай Жылқайдарұлы «Күз». Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдерінің ішіндегі бағаланатын күз мезгілінің ерекшелігін ашып түсіндіру, күз байлығы туралы әңгімелеу. Музыка "Күз қазан". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажырата білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Қияр қалай өсіп шығады?". Мақсат-міндеттері. Балалардың көгөністердің өсіп шығуы туралы түсініктерін жетілдіру; бақшада жұмыс істеу түрлерімен таныстыру; қиярды өз қолымен өсіру іс-тәжірибелерін жасау арқылы қияр туралы ұғымдарын толықтыру; танымдық үрдістерін дамыту; бір-бірін мұқият тыңдап, қойылған сұраққа нақты және толық жауап бере білуге тәрбиелеу; еңбексүйгіштікке баулу.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[н] дыбысы және Н н әрпімен танысу" Мақсат-міндеттері: [н] дыбысы бар сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасауға үйретуді пысықтау. Мүсіндеу "Күзгі жапырақтар" Мақсат-міндеттері. Балалардың күз туралы білімдерін кеңейту, күзгі жапырақтар туралы мәлімет беру. Дене шынықтыру "Достарыңа көмектес" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі қарқында жүру; заттарды аттап жүгіру; екі аяқты қосып заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) секіру дағдысын пысықтау. Көркем әдебиет "Жұмбақтар әлеміне саяхат". (пысықтау) Мақсат-міндеттері. Жұмбақтар туралы түсінік беру. Жұмбақты толық тыңдауды, жауабын табуды үйрету.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>11.10 - 11.15</p>	<p>Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (дербес әрекет)</p>				

Серуен	11 :15- 11.30	<p>Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспандағы бұлттарды байқауды және күн райының құбылуын бақылауға дағдыландыру.</p> <p>Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа)</p> <p>Сұрақтар: - Бүгін күн райы қандай? Бүгін аспан қандай? Аспаннан нені көреміз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғала ма немесе қозғалмай ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың айтқан жауаптарын және бейнелі сөздерін мақтаңыз.</p> <p>Қорытынды:</p>	<p>Бұлттарды бақылау (жаңбыр қалай пайда болады). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды үйрету.</p> <p>Экологиялық міндет: экологиялық таза ауа барлық тіршілік иелерінің тіршілігі үшін өте маңызды.</p> <p>Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу тынысын дамыту.</p> <p>Сұрақтар: - Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады? Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендер, теңіздер мен шалшықтардағы және басқа жердегі судың булануынан ауада әрдайым су буы болатынын, бірақ біз оны көрмейтінімізді</p>	<p>Бұлттарды бақылау (бұршақ қалай пайда болады) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жауу құбылысымен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді.</p> <p>Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ жауу - табиғи апат: ол егіндер мен өсімдіктерді құртады.</p> <p>Экологиялық міндет: судың әртүрлі күйлері</p>	<p>Жаңбырды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту</p> <p>Жауынның алғашқы белгілерін байқау: қалың бұлт, қара бұлт, түнерген бұлт.</p> <p>Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту (су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, ол жерге жауын болып жауады; егер тамшылар кішірек болса жауын сіркірейді, ірі тамшылар жаңбыр болып жауады; әр бағытта, тура, қисық). Жазда жауын әртүрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру.</p> <p>Жылдың жылы уақытында жауынның орнына бұршақ жаууы мүмкін. Бұл мұз жауынның қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі</p>	<p>Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Суды үнемді пайдалану туралы түсініктерін бекіту.</p> <p>Тәжірибе. "Судың түсі жоқ, бірақ оны бояуға болады". Кранды ашыңыз, ағып жатқан суды көруді ұсыныңыз. Бірнеше стаканға су құйыңыз. Су қандай түсті? (Судың түсі жоқ, ол мөлдір). Суды оған бояу қосу арқылы күнгірттеуге болады. (Балалар судың түсін тамашалайды). Су қандай түсті болды? (Қызыл, көк, сары, қызыл). Судың түсі суға қандай түсті қосатынымызға байланысты.</p> <p>Қорытынды. - Біз бүгін не білдік? Егер оған бояу қосылса, суда не болуы мүмкін? (Суды кез келген түске оңай бояуға</p>
--------	------------------	---	--	---	--	--

Серуеннен оралу	11.30 - 11.50	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:</p> <ul style="list-style-type: none">- учаскіден шығар алдында, аяқкіімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;- ғимаратқа тыныш, есікті тарсылдатпай кіру;- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою. <p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, әбден тазарғанша жуу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толыққанды дайын түрінде келуге машықтандыру.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)</p>
------------------------	------------------	--

Түскі ас	11.50 - 12.30	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау. Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қайталау.</p> <p>Көркемсөз Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе, Қайтарамын қарымын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, Тамақтану кезінде асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан түйірлерін жерге түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айту әдеп үлгілерін қайталау.</p> <p>Көркемсөз Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Майлықты қолдануды әдетке айналдыру. Нанды үгітпеу, орындықты дұрыс қою, тамақ үшін алғыс айту, ауызды шаю, тамақтануға жағымды қатынасты тәрбиелеу.</p> <p>Көркемсөз Тағы, міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын гигиеналық іс-шараларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту.</p> <p>Көркемсөз Қуанады анашым, Таза оның баласы. Маңдайымнан сипайды, Саусағының саласы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Тамақтану дағдыларын қалыптастыру: оны дұрыс пайдалану, ас құралдары, майлық; үстел басында тыныш отыру әдетін дамыту.</p> <p>Көркемсөз Ей, балалар, балалар, Бар қасиет нанда бар! Тоқаш, бөлке көп болар, Тәттіге жұрт тоқ болар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>
Түскі ұйқы	12.30 - 15.10	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				

<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>15.10-15.30</p>	<p>Ұйқыдан біртіндеп тұру (музыка ақырын ойнап тұр). Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық!</p> <p>Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>	<p>Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу. Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку. Табанды шынықтыру массаждары: 1. «Балапандар серуенге шықты» шик - шик - шик. 2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3. Ілгекті жолмен жүру. 4. Тастардың үстерімен жүру. 5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру. 6. Табандар арқылы жүру. Көркемсөз - Балапандарым, ұйқыдан тұрайық. Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>	<p>Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. Көркемсөз Әдемі ирек жолдармен, Лақтай ойнақтап, Тастан-тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>	<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту. Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары. «Ұшақ» жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Омыртқаның бұлшық ет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшық еттерін күшейту. Көркемсөз Ұйықтап жатқан кім екен? Уақыт болды тұратын. Жаттығуды жасайық, Ұйқымызды ашайық! Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық! (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>	<p>Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Толық жуыну: колдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Ұйқыдан кейін балалар өздігінен киіну дағдыларын бекітеді, ал қажет болған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Көркемсөз Көздеріңді ашындар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипандар, Бір-біріңе жымыңдар, Бастарыңды оңға және солға бұрылындар, Ауаны жұтындар, содан соң жіберіндер, Іштеріңді тартындар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделеріңді алақанмен сипандар, Жұдырықты қысындар, Енді біраз ашындар, Керіліңдер, созылындар, Енді ояндындар, төсектен тұрындар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>
<p>Бесін ас</p>	<p>15.30-16.00</p>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>16.00-16.15</p>	<p>Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағы сияқты кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаш ұясында емес, аулада, ағаш үйшікте мекендейді", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</p>	<p>Дамытушы ойын. "Сынық телефон". Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерінің дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар біртіндеп отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында, педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін біртіндеп көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындау</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуды, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауыштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу кергін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мынадай "жұлдыз" қолданылуы мүмкін.</p>	<p>Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы". Мақсат-міндеттері. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, өмірге нық сеніммен қарау (оптимизм) сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болғанымен, біздің қолымызда қобдише бар"</p>	<p>Сөздік жаттығу. "Жаңа сөзді құрастырайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка. Шарты. Педагог ұсынған мнемокарточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып айту керек. - Жаңбыр - жаңбырлы. - Шатыр - шатырлы.</p>
--	--------------------	---	---	--	---	---

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>16.15-16.20</p>	<p>Дидактикалық ойындар. "Геометриялық пішіндер". Мақсат-міндеттері. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып айтуды үйрету. Көрнекілік. Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер. Барысы. Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып, педагогтің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс (үшбұрыш, шаршы, дөңгелек және тағы басқа). Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды. Тапсырмалар: а) дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды қойындар (үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді); б) мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойындар (бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді); в) дәл осындай пішінді көрсетіндер (дөңгелекті көрсетеді) және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіндер. Ойын соңында қорытынды шығарылады. Қатені аз жіберген қатар ұтып шығады. Ойын барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды табуды үйренеді. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Саусақ театры. "Қасқыр және жеті лақ" ертегісін саусақ театры арқылы сахналау. (шығармашылық іс-әрекеті)</p>	<p>"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, еске сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы. Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусым бейнеленген суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Мұқатай Жылқайдарұлы "Күз" . Алма, өрікті қамбаларға Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. Бұлт болып та Алатауға Байланыпты алтын күз. Дастарқанда таба нанға Айналыпты алтын күз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қаланың есте қаларлық жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту. Барысы. Астана- еліміздің бас қаласы. Ол әдемі, үлкен қала. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>
-------------------------------------	--------------------	--	--	--	---	---

Серуенге дайындық	16.20-16.25	<p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - киімді дұрыс бүктеп жинау, орнына ілу, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру, - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киінуді (шешіне) дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. <p>(дербес әрекет)</p>				
Серуен	16.25-16.40	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуеннен оралу	16.40-16.45	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	16.45-17.00	Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарда мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-анаға балабақшаға уақытында келуін ескерту.	Айына бір рет отбасы күнін өткізу.	"Қош келдің, Алтын күз!" атты тақырыбында жоба ұйымдастыру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Ақберен

Топ: Қарлығаш мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.10 - 13.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні З Аязова Г. Ботабекова

Апта күндері	Уақыты	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	8.00 - 08.15	Балалардың дене қызуын өлшеу, жалпы сыртқы көрінісін тексеру, көңіл күйін байқау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	08.15 - 8.20	Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалардың қалай қатысатыны және оларға қажетті оқу құралдары туралы әңгімелесу.				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>8.20 - 8.30 8.30 – 9.30</p>	<p>1. "Секіртпені соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау. 1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу. 2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу. 2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру. 1 оңға еңкею. 2 бастапқы қалыпқа келу. 3 солға еңкею. 4 бастапқы қалыпқа келу. 3. "Отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде. 1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру. 2 бастапқы қалыпқа келу. 4. "Еуіңді мойнаң"</p>	<p>"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, зерттеу іс-әректі)</p>	<p>"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарға қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Топта ойыннан кейін тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; суды үнемді пайдалануды үйрету. Өзінің және басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p>
--	------------------------------------	--	--	--	--	--

	<p>Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.</p>	<p>"Домино" дидактикалық үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар туралы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін табуды, дұрыс атауды, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, қай бала бәрінен бұрын барлық карточкаларын қояды, сол бала ойында жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілер бейнеленген, көлемдері 5×6 см карточкалар. "Арқан тарту" ұлттық қимыл-</p>	<p>Үстел үсті ойыны. "Дойбы". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсаты. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. Дамытушы ойын. "Көлеңкесін тап". Мақсат-міндеттері. Зейін, ойлау қабілетін, ынтасын дамыту. Балалар жануарлардың көлеңкесін суретімен сәйкестендіреді. Саусақ жаттығуы . Бас бармақтай балақай, (бас бармақты ұстап) Қайда болдың? Мынау үлкен ініммен (сұқ саусағын ашады) Орманда болдым бүгін мен. Ал мына бір ініммен (ортаңғы саусағын ашады) Ас пісірдім бүгін мен. Одан кейінгі ініммен (аты жоқ саусағын ашады) Ботқа жедім мен енді.</p>	<p>Үстел үсті ойыны. "Мозаика". Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттің бөлігін табуды және орнына орналастыруды үйрету. Тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу. "Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде келісімді</p>	<p>"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. "Шымшықтың балапандары мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша алаңда жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдық пен ептілікті дамыту, табандылыққа тәрбиелеу. Балалар "торғайлардың" рөлін сомдайды, санамақ арқылы "мысықты" таңдайды. "Торғайлар" алаңның бір шетінде, орындыққа шығып отырады. "Мысық" екінші жақта ұйықтаған болып отырады. "Торғайлар" белгі бойынша алаңға жүгіріп шығып, қанаттарын жан-жаққа жайып жүгіреді. Мысық оянып кетеді, "мияу-мияу" деп керіліп-созылып алады, шымшықтың</p>
--	--	---	--	---	---

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>9.30 - 9.40</p>	<p>"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>8.30-9.30</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануға дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын жерге түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету. Көркемсөз Ө.Тұрманжанов "Нан". Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастарқан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>9.40-9.45</p>	<p>"Күз сыйы" тақырыбына әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>Жемістердің суреттерімен дидактикалық ойындар ойнау, сөздерді буынға бөлу. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>Көгөністердің пайдасы туралы әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы туған жерлері туралы білімдерін бекіту, Отанына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Барысы. Педагог балалармен бірге қаланың көрікті жерлерін бейнелейтін суреттерді қарастырады. Педагог балаларға ойын ережелерін түсіндіреді, тұтас суретті бөлшектерден қалай құрастыруға болатыны туралы бұрыннан белгілі ережені ескеріне түсіреді. Ойыншылардың санына сәйкес суреттерді таратады. Педагог ойынды "Бастаймыз!" сөзімен ашып береді. Балалар бөліктерден тұтас суреттерді құрастырады. Суретті бірінші құраған балаларға таңбалауыштар таратылады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Балаларда эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күн шуағын жинаймын. Достарыма сыйлаймын. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
--	------------------	--	---	---	--	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет

9.45 - 11.10

Сауат ашу негіздері
"[н] дыбысы және Н н әрпін қайталау"
Мақсат-міндеттері: [н] дыбысы бар сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасауға үйретуді пысықтау.

Қазақ тілі
"Күз сыйлары".
Мақсат-міндеттері. Балаларды көгөністер туралы өлеңмен таныстыру; «күзгі егін» ұғымын дамытуды жалғастыру; көгөністер мен жемістер, геометриялық фигуралар туралы білімдерін нақтылау; мәтіндегі көгөністердің атауларын нақты айтқызу, көгөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға дағдыландыру; зияткерлік картамен жұмыс істеу кезінде қазақ тілінде көгөністер мен жемістер туралы қарапайым сөйлемдер құрастыруды үйрету; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; ересектердің еңбегін құрметтеуге, еңбекқорлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.

Дене шынықтыру
"Бір орында екі аяқпен секіру".
Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында екі аяқты қосып, тұрған жерін айналып секіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүруге дағдыландыру; ептілікке тәрбиелеу.

Қоршаған ортамен таныстыру
"Күз мезгіліндегі маусымдық өзгерістер".
Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғаттағы жыл мезгілдеріндегі маусымдық өзгерістер туралы ұғымдарын жетілдіру; табиғаттағы ауа райының жай-күйін бақылауды және табиғат күнтізбесіндегі бақылау нәтижелерін атап өтуді үйрету.

Сауат ашу негіздері
"[р] дыбысы және Р р әрпі".
Мақсат-міндеттері. Айтылу ерекшелігіне байланысты [р] дыбысының дауыссыз дыбыс екенін балалардың өздеріне анықтату, Р р әрпімен таныстыру.

Математика негіздері
"Күзгі жапырақтар шашуы".
Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында "төрт" саны туралы түсінік қалыптастыру, 4 цифрын тану және 4-ке дейін жылдам санауды жаттықтыру; "төрт" жиын санының екі ең кіші элементтері "бір" және "үш", "екі" мен "екіден" құрылатынын меңгерту.

Музыка
"Менің балапандарым қайда?"
Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажыратуды үйрету.

Сөйлеуді дамыту
"Жемістер мен көгөністер".
Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінің байлықтарын түсіндіру.

Математика негіздері
"Күзгі жапырақтар шашуы.
(пысықтау)"
Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында "төрт" саны туралы түсінік қалыптастыру, 4 цифрын тану және 4-ке дейін жылдам санауды жаттықтыру; "төрт" жиын санының екі ең кіші элементтері "бір" және "үш", "екі" мен "екіден" құрылатынын меңгерту; ағаштарды бір-бірінен ажыратуды, дұрыс атауды үйрету; ағаштарды жапырақтарының ерекшелігі бойынша ажырату дағдысын қалыптастыру; логикалық ойлау, еске сақтау, көру қабілетін дамыту; табиғатқа жанашыр болуға, байқампаздыққа, тиянақтылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Қазақ тілі
"Ұ, Ү дыбыстары
(артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)."
Мақсат-міндеттері. Балаларды [ұ], [ү] дыбыстарымен, Ұ ұ және Ү ү әріптерімен таныстыру. Ұ және Ү әріптерін ауада жазып көрсету, [ұ], [ү] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естуді, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. Ұ және Ү дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету, [ұ], [ү] дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады.

Дене шынықтыру
"Салт аттылар"
Мақсат-міндеттері. Балаларда заттарды атап өту; заттардың

Математика негіздері
"Нанның артығы болмайды"
Мақсат-міндеттері. Балалардың он саны көлемінде тура және кері санай білу қабілетін арттыру; ұзындығы бес түрлі жолдардың ұзындығын, беттестіру, тұстастыру және логикалық ойлау амалдары арқылы салыстыру дағдыларын жетілдіру.

Сөйлеуді дамыту
"Жемістер мен көгөністер".
Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінің байлығын түсіндіруді пысықтау.

Музыка
"Бауырсақ"
Мақсат-міндеттері. Балаларды күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді айтуда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру.

Қоршаған ортамен таныстыру
"Алтын күз"
Мақсат-міндеттер: табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу.

Сауат ашу негіздері
"[р] дыбысы және Р р әрпін қайталау".
Мақсат-міндеттері. [Р] дыбысын жеке, буында, сөзде, сөз тіркесінде, сөйлемде анық айтуға машықтандыру.

Құрастыру
"Бидай алқабы".
Мақсат-міндеттері. Балаларды "квиллинг" құрастыру әдісімен таныстыру; қағаз жолақшаларын орау техникасына үйрету.

Дене шынықтыру
"Қатар орналасқан таяқтардан екі аяқпен аттап секіру"
Мақсат-міндеттері. Балаларға екі аяқпен бірге, бар парменімен секіруді, аяқтың ұшымен түсуді, қол мен аяқ қозғалысының үйлесімділігін сақтауды үйрету.

Көркем әдебиет
Күләш Ахметова «Алтын дән» (өлең).
Мақсат-міндеттері. Балаларды «Алтын дән» өлеңімен таныстыру; балалардың еңбекке қызығушылығын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуді үйрету; еске сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу.

Серуенге дайындық	11.10 - 11.15	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (дербес әрекет)
--------------------------	------------------	---

Серуен	11 :15-11.30	<p>Бақылау. "Көгөністер - тірі дәрумендер". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың көгөністер туралы білімдерін бекіту (көгөністердің атаулары, олардың бөліктері), ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды үйрету (иісі, дәмі, сыртқы түрі мен жанасуы бойынша).</p> <p>Көркемсөз</p> <p>Көгөністі көп ектік, Өссін, піссін деп ектік, Көктемде еккен көгөніс, Күзде берді көп өнім.</p> <p>- Балалар, сендер жақсы білесіңдер, көктемде табиғат жаңаша күйге енеді. Жаңадан шөп шығып, өсімдіктер өседі. Осы кезде бау-бақшаны баптап, көгөністер отырғызамыз.</p> <p>Көгөністердің бірнеше түрлері бар. Адамдар оларға жаз бойы су құйып, күтіп-баптайды. Әрбір көгөніс дәнегінен (тұқымынан) пайда болып өседі. Біздің күнделікті маңымыз</p>	<p>Бақылау. "Көгөніс өсірушілер мен бағбандардың еңбегі". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Көгөністер мен жемістердің атауларын жинақтау, жалпылауды дұрыс қолдану («көгөністер», «жемістер»); көгөніс өсірушілер мен бағбандар жұмысының мазмұны мен табиғаты туралы ойларын бекіту, көгөністер өсіру бойынша жұмыстардың жүйелілігі, техниканы пайдалану және олардың көгөніс өндірісіндегі рөлі туралы балалардың білімдерін нақтылау.</p> <p>Ересектердің көгөніс бақтарындағы, бақтардағы, саябақтардағы жұмысына, көгөністер мен жемістерді ауыл немесе қаланың көшелерінде тасымалдау, оларды дүңгіршектер мен дүкендерде көгөніс</p>	<p>Бақылау. "Азық-түлік дүкеніне саяхат". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Көгөністер мен жемістер туралы ойларды қорыту, көгөніс дүкеніндегі сатушының жұмысы туралы балалардың ойларын кеңейту.</p> <p>- Біз бүгін витаминді салатқа көгөністер сатып алу үшін көгөніс дүкеніне экскурсияға барамыз.</p> <p>- Балалар, көктемдерің</p>	<p>Көгөніс бақшасындағы жұмысты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Арамшөптерден бұрын жас көшеттерді бақылау; бақтағы өсімдіктердің барлығы бірдей емес екендігіне назар аударту, оларды салыстыру, мәдени өсімдіктер, арамшөптер мен көшеттерінің арасындағы айырмашылықты көрсету.</p> <p>- Арамшөптер мәдени өсімдіктердің өсуіне кері әсер етеді, олар қоректік заттарды, ылғалды алып, күн сәулесін жауып тастайды. Арамшөптерді тамырымен жұлып, бақшадан алып тастау керек. Не үшін?</p> <p>"Арамшөптерді тап."</p> <p>Жердегі барлық өсімдіктер қажет, егер олар адамдарға қажет болмаса, онда құстар, жәндіктер мен жануарлар олардың дәндерімен қоректенеді. Табиғатта бәрі бір-бірімен байланысты, әр шөптің түрі табиғаттағы өзін</p>	<p>Күнді, күн сәулесінің қозғалысын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Жансыз табиғаттың алуан түрлілігі, көкжиектер туралы түсініктерін кеңейту; қызығушылықты тәрбиелеу; табиғаттағы өзгерістер мен күннің позициясы арасындағы байланысты орнату қабілетін дамыту; жансыз табиғаттың алуан түрлілігі туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты, Ұшады кешке дейін дамыл таппай. (Күн.)</p> <p>- Балалар, күн жоғары болған кезде өте ыстық болады. Таңертең және кешке күн төменірек болады, сондықтан ол онша ыстық емес. Күннің шығатын және бататын уақыттарын бақылап отырыңдар. Күн бататын жерді белгілеңдер.</p> <p>Ғолжым</p>
--------	--------------	--	--	--	---	--

Серуеннен оралу	11.30 - 11.50	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:</p> <ul style="list-style-type: none">- учаскіден шығар алдында аяқкиімді, қалталардың шаң-тозаңын қағу;- балабақшаға кірер алдында аяқтарын жақсылап құрғату;- ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау;- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою. <p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіну, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеңдерін түру, қолдарын сабындау, суды жан-жаққа шашыратпау, тазалап жуу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаға қарау, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау және тағы басқа. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
------------------------	------------------	---

Түскі ас	11.50 - 12.30	<p>Гигиеналық дағдылар. Мақсат-міндеттері. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Қолды дұрыс жуу, жеңді тұру, қолды жуған кезде суды еденге шашпау, қолды сүлгімен құрғатып сүрту.</p> <p>Көркемсөз Алға жайып тұз-дәмін, Келтіреді үй сәнін. Ол халқымның ақ жаны, Жақсы дәстүр маржаны, Кеңпейіл де арайлы, Осы жердентарайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар. Мақсат-міндеттері. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Өзін-өзі күту дағдылары, тазалық сақтау, дұрыс отыруды, дастарқан басында ас құралдарын дұрыс пайдалануды қадағалау.</p> <p>Көркемсөз Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық. Сабын, суды аямай, Тазалықтыұғайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Қолды ұқыпты жуу қабілетін нығайту. Қолды мұқият сабындап жуу денсаулық үшін өте маңызды екенін түсіндіру.</p> <p>Көркемсөз Тазалап жүр тісіңді, Кішкене де, ыңғайлы, Тіс щеткасын пайдалан. Тазалауға болмайды, Щеткасымен басқа адам. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балаларды өздігінен сүлгілерін тауып, беті-қолды мұқият сүрту дағдысын жетілдіру. Сүртіп болған соң сүлгіні орнына ілу әдетін қалыптастыру; жуар алдында жеңдерін тұру, бетті жуу, суды үнемдеу.</p> <p>Көркемсөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен. Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де. Су - тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы, Өзен-көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні, Суға түсіп алғайсың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Тамақтану кезінде әдептілік мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)</p> <p>Көркемсөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
Түскі ұйқы	12.30 - 15.10	Тыныш ұйқы үшін қолайлы жағдайлар жасау.				

<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>15.10-15.30</p>	<p>Майтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Мөлдір су" ойын жаттығуы. Ұйқымнан тұрайын, Бетімді жуайын, Осылайыша сақтайын, Тазалықты лайым. (дене шынықтыру)</p>	<p>Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолды шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшық еттерін нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркемсөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (дене шынықтыру)</p>	<p>Баяу ойналатын музыка қосылады, оған балалар біртіндеп оянады. Біртіндеп көтерілу (музыка ақырын ойнайды). Көркемсөз Қарсы ал ерте күн көзің, Төсегінді жина өзің. Саусағыңды сормағын, Олақ, салақ болмағын. Әдеп қыл ісіңді, Тазалап жүр тісіңді. Қарағанда айнаға, Ұқыпты болсын киімің. (дене шынықтыру)</p>	<p>Балаларды көңілдендіру. Көркемсөз Ұйқымыздан тұрайық, Көзімізді ашайық. Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық! (дене шынықтыру)</p>	<p>Төсек-орынды ретке келтіру: көрпе-жастықтың тысын ауыстыру. Көркемсөз Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. (дене шынықтыру)</p>
--	--------------------	--	--	---	--	---

Бесін ас	15.30-16.00	<p>Гигиеналық дағдылар Тамақтану кезінде балаларға ескерту: тамақты ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу.</p> <p>Көркемсөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Үстелді жабдықтау, тамақтану кезінде тазалық сақтауға қатытсы әрекеттерді орындау, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту.</p> <p>Көркемсөз Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз ертемен, Көңілді әуен сазымен, Жаттығуды бастаймыз. Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Үстелді жабдықтау, тамақтану кезінде тазалық сақтауға қатытсы әрекеттерді орындау, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту.</p> <p>Көркемсөз Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.</p> <p>Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Қолды жуу ережелерін бекіту; тәрбиешінің тазалық туралы әңгіме айтуы.</p> <p>Көркемсөз Су ағызып шүмектен, Беті-қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
----------	-------------	---	---	---	---	---

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>16.00-16.15</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Не артық?" Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар. Бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары. Шарты. Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Азық-түлік"</p>	<p>Вариативті компонент - Жас зерттеуші "Үй жануарларының төлдері (күшік)" Мақсат-міндеттері. Балаларды күшікпен таныстыру; ересектердің көмегімен күшікке қамқорлық жасауға дағдыландыру; ақыл-ойын дамыту; баланың қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу. Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: суреттердің жұптары (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Шарты.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (мезгілдер және құбылыстар). Мақсат-міндеттері. Заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы балалардың білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығын а, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту. Шарты. Балалар педагог ұсынған әрбір сөзге қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс. - Лас - (Таза). - Қараңғы - (Жарық). - Түн - (Күндіз).</p>	<p>Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Белебеке"</p>	<p>Дамытушы жаттығу. "Қанша затты көрсең, сондай санды көрсет". Мақсат-міндеттері. Балалардың әркелкі орналасқан заттарды көзбен қарап, санап алу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуге ынталандыру; қабылдау, зейін қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту. Құралдар. Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Театрландырылған қойылым. "Шалқан" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, еске сақтау, ой-қиял,</p>
--	--------------------	---	--	--	---	---

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>16.15-16.20</p>	<p>Күз мезгіліне тән ерекшеліктер туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу.</p> <p>Рамазан Тышқанбаев "Жаңбыр".</p> <p>Бұлттар, Тұрмай ауа бер, Жаңбыр бол да, Жауа бер.</p> <p>Жазыққа бар, Тауға бар. Бақшаға бар, Бауға бар.</p> <p>Белес-белес белге бар, Сусап жатқан шөлге бар.</p> <p>Өр тамшыңды үлессін, Шалғын қаулап Гүл өссін!</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Не артық?»</p> <p>Өр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі.</p> <p>Артығын тауып, атауын дауыстап айтуды ұсынады.</p> <p>Жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы, алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда, орамжапырақ артық.</p> <p>Орамжапырақ көгөніс, қалғаны жемістер.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу.</p> <p>Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау.</p> <p>1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр.</p> <p>2) Ыр - ыр - ыр - ырылдайды қасқыр, Р а- ра - ра - бал жинайды ара, Мір - мір - мір - қап-қара көмір.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>«Дәл осындай пішінді тап».</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атау, ажырату, салыстыруға жаттықтыру.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары.</p> <p>Бала санына сәйкес құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.</p> <p>Ойынның мазмұны.</p> <p>Алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну.</p> <p>Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Өр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу.</p> <p>Ескен Елубаев "Күзде".</p> <p>Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп? Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп?</p> <p>Қамба толды астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз!</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
-------------------------------------	--------------------	---	--	--	--	---

Серуенге дайындық	16.20-16.25	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	16.25-16.40	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуеннен оралу	16.40-16.45	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	16.45-17.00	Өңгімелесу. "Баланы еңбекке тәрбиелеу".	Ата-аналарға кеңес. "Бала ұрыншақ болса".	"Отбасы - тәрбиенің бастауы" тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналарға "Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында сауалнама жүргізу.	"Балабақшадағы жетістіктеріміз" тақырыбындағы көрме ұйымдастыру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Ақберен

Топ: Қарлығаш мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 16.10 - 20.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні З.Аязова Г.Ботабекова

Апта күндері	Уақыты	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	8.00 - 08.15	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	08.15 - 8.20	Баланың денсаулығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.				

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>8.20 - 8.30</p>	<p>Сапқа тізілу, оңға бұрылу, алға жүру; алға екі аяқпен секіру, жүру; жүгіру (30-40сек); жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығуларының кешені. 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созады, алақандарын ашып-жұмады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында. 2.1. Оң аяқтарын артқа қояды, екі қолдарын артқа созады. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу сол жаққа 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 3.1. Орындарында тұру, бастарын оңға бұрады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында. 4.1. Қолдарын жандарына созады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>8.30 – 9.30</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Дағдыларды жетілдіру: шанышқыны бас бармақ және ортаңғы саусақпен ұстау, үстіңгі жағынан сұқ саусақпен ұстау. Шеберлікті шыңдау: майды нанға пышақпен жағу. Көркемсөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен. Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де. Су - тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы, Өзен-көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні, Суға түсіп алғайсың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>9.30 - 9.40</p>	<p>"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Біз орындықтарды орнына қоямыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдап, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды қолдану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз" Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті)</p>
--	--------------------	---	--	---	---	---

ҚР. Гимнін орындайды.

Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.

(музыка)

"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.

Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау жаттығулары.

Еркін ойын. "Мысық пен тышқан".

Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, шапшаң ойнауға баулу; жүгірудің түр-түріне машықтандыру.

Ойын барысы. Ойнаушылар дөңгелене тұрады. Мысық пен тышқанды таңдап алады.

Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады.

Мысық аппақ қарасақ,

Құйрығы сұр, тамаша-ақ!

Жебедей-ақ ұшады,

Көзін жаймен қысады.

Тырнақтарын үндемей,

Ашқан кезде индей,

Тышқандардың тықырын,

Мысық естісе ақырын,

Аңдып аулап алады,

Мысық біздің жарады.

«Аңдып аулап алады» деген

сөздерден кейін балалар

тоқтайды, шеңбердің

уәделескен жерінде екі бала

Саусақ жаттығуы «Достық».

Біздің топта ұлдар мен қыздар дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді).

Кішкентай саусақтар біз сенімен

достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу).

Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)

Қайтадан санауды бастаймыз.

Бір, екі, үш, төрт, бес.

Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).

Санайық жаңаша

Бір, екі, үш!

Желбіре жалауша,

Достықта біздің күш.

Оң қолымда бес

саусақ,

Сол қолымда бес

саусақ.

Оларды атап

шақырар,

Әрқайсының аты

бар.

"Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны.

Мақсат-міндеттері.

Тәулік бөліктері жайлы білімдерін

бекіту; тәулік бөліктерін атауға,

ажыратуға жаттықтыру.

Дамытушы ойын "Камера".

Мақсат-міндеттері.

Зейін, есте сақтау,

сөйлеуді дамыту.

Ойын материалдары мен көрнекі құралдар:

лото карталары

немесе басқа кез

келген суреттер.

Сипаттамасы.

Балаға 5 секунд

ішінде карточканы

көрсету. Содан кейін

оны алып тастау және

онда не бейнеленгенін

еске түсіруді ұсыну.

Егер балаға жауап

беру қиын болса, оған

сұрақтар қойылады

(қанша, қандай түсті

және тағы басқа).

(танымдық іс-әрекет,

зерттеу іс-әрекеті,

қарым-қатынас іс-

әрекеті)

Үстел үсті ойыны.

"Нан қайдан пайда болады?"

Мақсат-міндеттері.

Балаға

логикалық ойлауға үйрету,

байланыстыра

сөйлеуді

дамыту, сөздік

қорын кеңейту.

Нан, күнбағыс

майы және

сиыр сүті

дүкендерінде

қайдан және

қалай пайда

болатыны

туралы

білімдерін

толықтыру.

(танымдық іс-

әрекет, зерттеу

іс-әрекеті)

Дамытушы ойын

"Ғажайып нүктелер".

«Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың

суретін салады.

Нүктелерді қосу,

қарлығаштың суретін шығару.

(шығармашылық іс-әрекет)

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>9.40-9.45</p>	<p>"Ас атасы — нан" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық алдында нанның суретіне қарап сөйлемдер құрастыру. Тыйым сөздер, мақал-мәтелдерді сөйлемге қосып айту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Құймақты жай" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Пішінді, көлемді қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді өсу (кему) ретімен көзбен анықтай білуге машықтандыру; көзді, визуалды қабылдауды дамыту. Барысы. Балалар картада көрсетілген құймақтарды ретімен нөмірлейді (1-ден 10-ға дейін), ең кішісінен үлкеніне дейін және кері ретпен. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p>	<p>Нан туралы тыйым сөздер, нақыл сөздер айту. 1. Нанды шашуға, жерге тастауға, аяқпен басуға, рәсуа етуге, онымен ойнауға болмайды. Нан - негізгі ас, онсыз өмір жоқ. Ең алдымен, дастарқанға нан қойылады. 2. Жерде жатқан нанды жоғары көтеріп, адам баспайтын жерге қою керек. 3. Нанды төңкеріп қоюға болмайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Нан туралы мақал-мәтелдер жаттау. 1. Ас атасы — нан. 2. Нан— тамақтың атасы, Ынтымақ — көптің батасы. 3. Нан бар жерде ән бар. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, еске сақтауын дамыту. Барысы. Балалар ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p>
--	------------------	--	--	---	--	--

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>9.45 - 11.10</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[o] дыбысы және О о әрпі". Мақсат-міндеттері. [o] дыбысымен таныстыру, айтылу ерекшелігіне қарай [o] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтатқызу. Қазақ тілі "Біз дән егеміз". Ұн өнімдері. Ыдыс. Мақсат-міндеттері. Нан, ұн өнімдері туралы толық түсінік беру; нан туралы өлеңмен таныстыру; нанға құрметпен қарау керектігін мысалдармен түсіндіру; нан туралы идеялар мен мақал-мәтелдерді нақтылау; балаларға суреттер бойынша сөз тіркестерін құрастыру негізінде өлеңнің мазмұнын еске сақтауға дағдыландыру; қонақтарға сыпайы түрде қоңырау шалу үлгілерін айту, «Нанға құрмет» тақырыбы бойынша үйлесімді сөйлеуді, түбірлі сөздердің байланысын түсіну, жаңа мағыналарды есту арқылы ажырату, оларды түсіну қабілеттерін дамыту; сыпайылыққа, нанды құрметтеуге, адам еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Пәрменмен секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі қарқында жүру; педагогтің белгісімен тоқтау, қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; допты қабырғаға ұрып, қос қолмен қағып алуды үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Нан - адамның күш-қуаты" Мақсат-міндеттері. Балаларға "нан - адамның күш-қуаты" ұғымын түсіндіру; нанның дастарқанға қандай еңбекпен келетінін туралы білімдерін жүйеге келтіру; балалардың ойлау және зияткерлік қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[o] дыбысы және О о әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері. Балаларды О әрпімен таныстыру. Құрамында [O] дыбысы бар сөздерді таңдау. Математика негіздері "Нан тағамдарының сөресі" Мақсат-міндеттері. Балалардың жылдам санай білу қабілетін арттыру; цифрларды тануды және ажыратуды жетілдіру; нан және оның дайындалу жолы жайлы түсініктерін кеңейту. Музыка "Күй тыңдайық, балақай!" Мақсат-міндеттері. Балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру. Сөйлеуді дамыту "Нан қайдан келеді?" Мақсат-міндеттері. Нан адамның күш қуаты деген мағынаны түсіндіре отырып, "Нан қайдан келеді?" ертегісін оқып беріп, нанның қайдан шығатынын балаларға айту; шапшаңдық пен тапқырлықты дамыту.</p>	<p>Математика негіздері "Нан тағамдарының сөресін пысықтау." Мақсат-міндеттері. Балалардың жылдам санай білу қабілетін арттыру; цифрларды тануды және ажыратуды жетілдіру; нанның дайындалу жолы жайлы түсініктерін пысықтау. Қазақ тілі "Ы, І дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)." Мақсат-міндеттері. Балаларға [-ы], [-і] дыбыстары мен Ы ы, І і әріптерін таныстыру. Ы ы, І і әріптерін ауада жазып көрсету; [-ы], [-і] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, есту арқылы ажыратуды үйрету; буындарда, сөздерде дұрыс айтуды дағдыландыру; [-ы], [-і] дыбыстарының сөздің кез келген жерінде (сөздің басында, ортасында, аяғында) табуды жаттықтыру; [-ы], [-і] дыбыстарын сөздерде есту, мысал келтіру, сол сөздерді қатыстырып қарапайым сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыландыру. Дене шынықтыру "Үйлесімділікті сақтаймыз" Мақсат-міндеттері. Балаларға гимнастикалық орындық астынан еңбектеуді; воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыруды үйрету. Көркем әдебиет А. Сарбөпин «Бір қап бидай». Мақсат-міндеттері. Өңгімені оқуды, мазмұндауға үйрету. Балалардың әңгіме желісі арқылы есте сақтау қабілеті мен сөздік қорын, зейінін дамыту.</p>	<p>Математика негіздері "Үйірімге қосылған құстар санын санайық" Мақсат-міндеттері. Балалардың "бес" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "бес" жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту. Сөйлеуді дамыту "Нан қайдан келеді?" Мақсат-міндеттері. Нан - адамның күш-қуаты деген ұғымды түсіндіру, "Нан қайдан келеді?" ертегісін оқып беру, нанның қайдан келетінін түсіндіру; балалардың ойлау және шапшаң болу қабілеттерін дамыту. Музыка "Көкек". Мақсат-міндеттері. Балалардың көкек туралы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; күйді тыңдауда дыбысты есту қабілетін жетілдіру. Қоршаған ортамен таныстыру "Бидай астығы" Мақсат-міндеттер: балаларда дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерді тиянақтау; нан және оны дайындау туралы білімді байыту; білім құмарлығын, зерттеу қызметіне ұмтылысын дамыту.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[т] дыбысы және Т т әрпі" Мақсат-міндеттері: [т] дыбысымен және Т т әріпімен таныстыру. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету. Жапсыру "Нан - дастарқан байлығы". Мақсат-міндеттері. Балаларға шаршыны шеңбер етіп кию, тіктөртбұрыштардан жолақ кию арқылы нанның суретін тәрелкеге жапсыруды үйрету. Дене шынықтыру "Басына қапшық қойып, бір жақ жанымен жүру" Мақсат-міндеттері. Балаларға басына қапшық қойып, арқан үстімен бір жақ жанымен жүруді үйрету және допты тура домалату дағдысын жетілдіру. Көркем әдебиет А. Сарбөпин «Бір қап бидай». Мақсат-міндеттері. Өңгімені оқу, мазмұндауды үйрету. Балалардың әңгіме желісі арқылы есте сақтау қабілеті мен сөздік қорын, зейінін дамытуды (пысықтау).</p>
---	---------------------	--	---	--	---	--

Серуенге дайындық	11.10 - 11.15	Мақсат-міндеттері: <ul style="list-style-type: none">- киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру;- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу;- ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу;- басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	------------------	---

Серуен	11 :15-11.30	<p>Күнді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күннің оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдіктердің тіршілігі үшін құндылығын көрсету. Көркемсөз Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсат-міндеттері. Балалардың бойына еңбекке құштарлығын ояту. "Қаракүс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Тәрбиеніңін нығайту</p>	<p>Күннің биіктігін бақылау (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күн энергиясының өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың тіршілігіне әсері туралы білімдерін бекіту. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн.) Көркемсөз Кең аспан ғой ай, күнің, Қашаннан-ақ тұрағы. Кейде кіріп бөлмеге, Ол ойнады айнада. Шомылады көлге де, Шуақ шашып қайда да. Күн неғұрлым жоғары болса, күн соғұрлым жылы әрі ұзақ болады. АКүннің ыстығынан қар ериді, жер қызады және еріген дақтар пайда болады. Шөп сөз бастайды</p>	<p>Ауаны бақылау (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға ауаның қажеттілігі түсіндіру. Көркемсөз Жер шары дәу әсем. Қоршаулы ауамен. Ауасыз кім шыдар. Ауасыз тұншығар. Жұмбақ Оңынан оқы, тіршілік нәрі. Солынан оқы, тіршілік нәрі. Онсыз адам, аң, құс та семер бір мезетте. (ауа) Әңгімелесу. Ауаның қандай қасиеттері бар? (түссіз, мөлдір, иіссіз). Педагог: - Қалай ойлайсындар, балалар, қай жердің ауасы жақсы? Қай жердің ауасы таза? Орманда ма, қалада ма? (Орман ауасы таза ғана емес, оның емдік қасиеті бар. Қаланың ауасы мүлдем басқаша: бензин мен автомобильден шыққан газдардың иісі шығады, иіс пен мөлдірлік</p>	<p>Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Үлкендердің еңбегімен таныстыруды жалғастыру, аула сыпырушы еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркемсөз А. Меңдібай "Аула тазалықшысы". Балабақша ауласында, Көмектесем мен де оған, Таң атқаннан кешке дейін, Жинап қоқыс, қағаздарды. Тынбай еңбек ететін Құметтеймін, қадірлеймін, Бар тазалық сақшысы. Еңбексүйгіш адал жанды. Ауланы да тазалайды, Ағашты да бұтайды. Су себеді гүлдерге де, Шаршамайды, тынбайды. Балаларға сұрақтар: - Балалар, біздің балабақшамызда кімдер еңбек етеді? - Ал, біздің ауламыздың әсем де, таза болуына кім қарайды? - Аула сыпырушы қандай жұмыстар атқарады? Еңбекшінің қандай</p>	<p>Құстарды бақылау (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Құстарға сүйіспеншілік пен мейірімділікті, оларға көмектесуге ұмтылуды тәрбиелеу; құстардың қоныс аудару себебін түсіндіру (қоныс аударатын, қыстайтын, көшпелі); құстарды басқа жануарлардан ажыратуды үйрету; балаларды қауырсын құрылымымен және олардың құстардың тіршілігіндегі маңызымен таныстыру. Құстарды бақылау ережесі. Педагог: - Құстар өте үркек (<i>кез келген нәрседен шошынғыш, үріккіш</i>), сондықтан, біз өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шуламай жүреміз. - Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына келергі жасайсындар</p>
--------	--------------	---	--	--	--	--

Серуеннен оралу	11.30 - 11.50	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:</p> <ul style="list-style-type: none">- учаскеден шығар алдында аяқкиім мен үсті-басын қағу;- балабақшаға кірер алдында аяқкиімнің табанын тазалау;- ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау;- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; <p>Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>
------------------------	---------------	---

Түскі ас	11.50 - 12.30	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау. Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қаталау.</p> <p>Көркемсөз Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе, Қайтарамын қарымын.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдану, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу. Тамақтану кезінде асты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстау, нан қиқымын түсірмей жеу, үлкендерге алғыс айту әдептерін қайталау.</p> <p>Көркемсөз Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Майлықты қолдануға әдеттендіру. Нанды үгітпеу, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, ауызды шаю, тамақтануды жақсы көңілмен қабылдауға тәрбиелеу.</p> <p>Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын гигиеналық процедураларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту.</p> <p>Көркемсөз Қуанады анашым, Таза оның баласы. Маңдайымнан сипайды, Саусағының саласы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Тамақтану әдептерін қалыптастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану, майлық қолдану; үстел басында тыныш болу әдетін дамыту.</p> <p>Көркемсөз Ей, балалар, балалар, Бар қасиет нанда бар! Тоқаш, бөлке көп болар, Тәттіге жұрт тоқ болар,</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
Түскі ұйқы	12.30 - 15.10	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдайлар жасау.				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	15.10-15.30	Велосипед жаттығуы. Аяқты кезек-кезек сермеу, аяқ пен қолды жоғары көтеру. Майтабанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	15.30-16.00	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Төсек жинау дағдысын жетілдіру. Жайманы түзету, төсек жапқышты жабу. Көркемсөз Кешкі ас келді, Балалар үстелге жайғасты. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың киіну, аяқкиімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. Көркемсөз Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Қолды жуу ережелерін бекіту. Тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі. Көркемсөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Әдептілік ережелерін бекіту. Түскі асқа дайындық, дастарқан жаю; қызметшілермен әңгіме; балаларды ас мәзірімен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық әдемілігіне аудару. Көркемсөз Нан – ардақты адал ас Кәрі-жас одан аттамас. Ақ дастарқан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балаларда денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру. Көркемсөз Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Жесем тоймай қаламын, Әжемді еске аламын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>16.00-16.15</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Тергеушілер". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажет екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасында бала өз қалауымен әртүрлі заттар жатқан қораптан бір затты алып, оған сипаттама береді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</p>	<p>"Сақина" аз қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды зеректікке, шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Баланың алақанына жасыруға ыңғайлы сақина. Шарты. Ойыншылар жарты шеңбер құрып отырады, жүргізуші сақинаны алып, әрбір баланың алақанына сақинаны салғандай қимылдар жасайды. Алақанында сақинасы бар бала, жүргізуші оны шақырған кезде, орнынан жылдам қозғалып, шеңбердің тысына шығып кетуі керек. Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алуға тырысады. (дене шынықтыру)</p>	<p>Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жұпты суреттер (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретті көруді ұсынады. Балалар екінші суретте біріншіге қарағанда ненің өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап". Мақсат-міндеттері. Балаладың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру; кез келген сөздің дыбыстық құрамы кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту. Құралдар. Заттардың көрнекілік суреттері және олардың сөздеріне құрылған дыбыстық құрамының кестелері. Ойынның екінші күрделенген нұсқасы. Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдарының кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Суреттің тізбектегі орнын тап". Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; зияткерлікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Ө. Тұрманжановтың "Қайдан келдің бауырсақ?" өлеңінің сюжетін сахналау. Мақсат-міндеттері. Нан өнімі туралы балалардың білімдерін нақтылау, пысықтау; мәнерлеп сөйлеу, жеке тұлғасының қабілеттерін дамыту; шығарманың негізгі</p>
--	--------------------	--	--	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс	16.15-16.20	<p>Күз мезгілінде табиғат құбылысында болатын ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.</p> <p>Төленді Нұрмұхамедов "Жауын".</p> <p>Қызыл отты қамшысы Көкке жарқыл шашады, Еркебұлан тамшысы Домаланып қашады.</p> <p>Жаңбыр жауып өтеді: Қуанады сарғалдақ. Дала жайнап кетеді, Бір шомылып алғанда-ақ!</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Сұрақтар қою.</p> <p>Балалардың сұрақтарға толық жауап берулерін талап ету. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.</p> <p>Қастек Баянбаев "Таңертең".</p> <p>Ерте тұрғым келмейді, Бірақ тағы тұрамын. Көзім түк те көрмейді, Естімейді құлағым.</p> <p>Суды ағызып ақырын, Жуған болам бетімді. Кешегі көп ақылым Кеміп қалған секілді.</p> <p>Бала баққа бүгін де Барғым келе қоймайды. Жақсы көрем үйімде Кейде жеке болғанды. Бірақ үйден шығамын Қол ұстасып көкеммен. Ашылып көз-құлағым, Бала баққа жетем мен.</p>	<p>"Ұннан не жасалады?"</p> <p>дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту.</p> <p>Барысы. Балалар ұннан жасалатын тағамдарды ғана атайды.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>"Мамандықты ата"</p> <p>дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бидайды өсіру және одан нан өндірумен айналысатын мамандық түрлері туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.</p> <p>Барысы. Педагог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді, ... комбайнер және тағы басқа.)</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>"Нан өнімдерін кім көбірек атайды?"</p> <p>дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, еске сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту.</p> <p>Барысы. Шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың көпшілігін атаған жеңімпаз болады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>
-----------------------	-------------	---	---	---	---	---

Серуенге дайындық	16.20-16.25	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	16.25-16.40	Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуеннен оралу	16.40-16.45	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	16.45-17.00	Кеңес. "Баланың бос уақытын тиімді пайдалану".	Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.	"Отбасымен серуенге шығу" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы.	Ата-аналарға арналған ұсыныс. "Балаңыз сырқаттанып қалса ..."

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: Ақберен

Топ: Қарлығаш мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.10 - 27.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні З.Аязова Г Ботабекова

Апта күндері	Уақыты	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	8.00 - 08.15	Балалардың дене қызуын өлшеу, жалпы сыртқы көрінісін тексеру, көңіл күйін байқау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	08.15 - 8.20	Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалардың қалай қатысатыны және оларға қажетті оқу құралдары туралы әңгімелесу.				
Ертеңгілік жаттығу	8.20 - 8.30	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)				

Таңғы ас	8.30 – 9.30	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Тамақтану кезінде әдепті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (ас үшін алғыс айту, тазалық сақтау, ұқыпты болу) Көркемсөз Дәмді ас тұр табақта, Қане, жей ғой, асықпа! Осы жолдардан кейін балалар таңғы асқа кіріседі. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарға дұрыс отыруын бақылайды. Бала үстел басында дұрыс отырмаса, педагог оған дұрыс отыру керектігін ескертеді. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
-----------------	----------------	--

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>9.30 - 9.40</p>	<p>1. "Секіртпені сөз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау. 1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу. 2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу. 2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру. 1 оңға еңкею. 2 бастапқы қалыпқа келу. 3 солға еңкею. 4 бастапқы қалыпқа келу. 3. "Отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде. 1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру. 2 бастапқы қалыпқа</p>	<p>Еңбек: жолды, ауланы сыпыру. Мақсат-міндеттері. Тапсырмаларды орындауға ұмтылысты тәрбиелеу, оң нәтижеге қол жеткізуге бейімдеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p style="text-align: center;">25 қазан - Республика күні</p>	<p>Еңбек: ағаштарды суару. Мақсат-міндеттері. Ағаштардың өсуіне қажетті жағдайлар туралы білімдерін бекіту, ағаштың айналасындағы саңылаудың себебін түсінуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>Еңбек: құрғақ шөпті, бұталардың жанындағы қоқыстарды тазалау. Мақсат-міндеттері. Шөп, арамшөптер мен сәндік гүлдерді ажыратуды, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p>
--	--------------------	---	---	--	--	--

	<p>Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p> <p>Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш.</p> <p>Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да.</p> <p>Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма.</p> <p>Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз.</p> <p>Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.</p>	<p>"Қараторғай ұялары" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу.</p> <p>Алаңда дөңгелек шеңберлер сызылады: ойнаушылардың санынан кем болады. Бұл торғайлардың ұялары.</p> <p>Барлық балалар қараторғай болады. Олар алаңда емін-еркін жүгіріп, ұшып жүреді. «Үйге қайтындар» белгісі бойынша барлығы ұяларға жүгіреді.</p> <p>Балалардың біреуі ұясыз қалады. Ойын бірнеше рет қайталанады.</p> <p>Тәрбиеші ойынның аяқ кезінде (балалар әлі жүгіріп жүрген кезде) тағы бір дөңгелек сызып қояды. Балалар қайтып оралғанда бәрінің де ұясы бар болып шығады.</p> <p>Көркемсөз</p> <p>Тоқылдақтар</p>		<p>"Бір, екі, үш! Ағашқа жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Ағаштарды діңінен, жапырақтарынан тану. (дене шынықтыру)</p> <p>Еркін ойын.</p> <p>"Керісінше айт!"</p> <p>Ойын барысы. Балалар шеңберге құрады. Тәрбиеші ортада тұрып, допты лақтырады. "Көлшік – кішкентай, ал өзен- ... (ұзын). Үй-аласа, құбыр (кран) – ұзын, шыбық-жіңішке, ағаш-жуан, үстел-үлкен, ал орындық - кішкентай".</p> <p>Көркемсөз</p> <p>Қызыл, жасыл гүл ектік,</p> <p>Баптап күтіп түрленттік.</p> <p>Қалмасын деп қуарып, Апта сайын суғардық.</p> <p>Гүлдендіріп бөлмені, Бөлмеде гүл қаулады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.</p>	<p>"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу.</p> <p>Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықтың рөлін ойнайды.</p> <p>Бөлменің немесе алаңның бір жағында қоршалған орын үй болады (жалаушалар тізбектеле жіп 40-50 см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады).</p> <p>Үйде балапандарымен ұя басқан тауық отырады жем іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің астынан өтіп, тауыққа келеді. (дене шынықтыру)</p> <p>Еркін ойын. "Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.</p> <p>Педагог балалар білетін</p>
--	---	---	--	--	--

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>9.40-9.45</p>	<p>Жыл құстары тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p>	<p>Құстар туралы қызықты мәлімет беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p>		<p>Құстар туралы тақпақтар жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Құстар туралы мақал-мәтелдер жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	16.45-17.00	Ата-аналарға кеңес. "Ұйқы аздығының қандай зияны бар?"	Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру іс-шаралары".	Балалардың жетістіктері жайында ата-аналармен әңгімелесу; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.	«Баланың қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңесу.	Балалардың жетістіктері жайында ата-аналармен әңгімелесу; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Ақберен

Топ: Қарлығаш мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.11 - 24.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні З. Аязова Г Ботабекова

Апта күндері	Уақыты	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	8.00 - 08.15	Балалардың дене қызуын өлшеу, жалпы сыртқы көрінісін тексеру, көңіл күйін байқау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	08.15 - 8.20	Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалардың қалай қатысатыны және оларға қажетті оқу құралдары туралы әңгімелесу.				

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>8.20 - 8.30</p>	<p>1. "Секіртпені соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау. 1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу. 2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру. 1 оңға еңкею. 2 бастапқы қалыпқа келу. 3 солға еңкею. 4 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>3. "Отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде. 1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру. 2 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату. 1-3 артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты көтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға қарай жоғары көтеру. 4 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>5. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстау, қолды төмен түсіріп тұру. 1 заттардан аттап жүру. 2 секіртпемен еркін секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>8.30 – 9.30</p>	<p>Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p> <p>Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>9.30 - 9.40</p>	<p>"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауды, жұмыс істеуді, тәртіпті сақтау дағдыларын тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз" Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті)</p>
--	--------------------	---	--	---	---	---

		<p>ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)</p> <p>Дамутышылық ойын. «Жалғастыр». Педагог кез келген мақалдың басын бастайды, балалар оны жалғастырулары керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Үстел үсті ойыны. "Дойбы". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Зеректікке баулиды. Ойынның шарты: қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. (танымдық іс-әрекет)</p> <p>Сөздік ойын «Қажетті суретті тап» Мақсат-міндеттер. Логикалық ойлауға үйрету, күн тәртібіне қажет іс-әрекетті еске түсіру; қай кезде, не істелетіні жөнінде сөйлем құрап айтуға үйрету; түрлі жаттығу жұмыстарын өздігінен орындауға тырысады. (қарым-қатынас іс-әрекет)</p>	<p>Санамақтар. Бірім -бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам, Қалды қалтам! Қырқылдауық, Қырма тауық! Олпық-солпық, Сен кір, сен шық! (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Лего ойыны. «Мұнара» Мақсат-міндеттер: Балалар мұнара тұрғызу арқылы шыдамдылық ептілік, танымдық қасиеттері қалыптасады. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>Дамытушылық ойын. «Кім зейінді?» Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру. Көрнекілік. Сірiңке қорабындағы таратпа геометриялық пішіндер. Барысы. Тәрбиеші төмендегі геометриялық пішіндерді алып, олардан бейнені құрайды. Жылдам болған бала мақталады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)</p> <p>Лего ойыны «Мұнара» Мақсат-міндеттер: Балалар мұнара тұрғызу арқылы шыдамдылық ептілік, танымдық қасиеттері қалыптасады. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>Дамытушылық ойын. «Ғажайып қоржын». Ойынның шарты. Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше ойыншықтар мен оқу құралдары бар, сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. Оқу құралдары мен ойыншықтарды бөлек жинайды. (танымдық іс-әрекет)</p> <p>Логикалық ойын: «Пішіндерді қабаттарға дұрыс орналастыр» Мақсат-міндеттер: Дьонеш ойын жиынтығын пайдалана отырып, логикалық тапсырмаларды орындауға тырысады. (танымдық іс-әрекет)</p>
--	--	--	--	---	--	---

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>9.40-9.45</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Кім жылдам жүгіреді?" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызады, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топқа балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру, қазақ тілі)</p>	<p>Саусақ жаттығуы. Бір дегенің - білеу, Екі дегенің - егеу, Үш дегенің - үсік, Төрт дегенің - төсек, Бес дегенің - бесік, Алты дегенің - асық, Жеті дегенің - желке, Сегіз дегенің - серке, Тоғыз дегенің - торқа, Он дегенің - оймақ, Он бір - қара жұмбақ. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Еркін ойындар. Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектің көмегімен ойын түрін таңдау, ойынға арналған заттарды және орынды ыңғайластыруды үйрету. Ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</p>	<p>«Вагондарға дөңгелек таңдау». Ойынның мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді ажыратуды, қасиеттерін тануды үйрету, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны. Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>
--	------------------	--	--	--	--	--

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>9.45 - 11.10</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[М] дыбысы және М м әрпі". Мақсат-міндеттері: [М] дыбысы мен оның әріп таңбасы туралы түсінік беру. Сөздегі дыбыстарды екпін түсіріп айту арқылы тауып, түрлерін ажырата білу дағдыларын арттыру.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[М] дыбысы және М м әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері: [М] дыбысы мен оның әріп таңбасы туралы түсінік беру. Сөздегі дыбыстарды екпін түсіріп айту арқылы тауып, түрлерін ажырата білу дағдыларын арттыру.</p>	<p>Математика негіздері "Аптаның жеті күні" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балаларға уақыт бөліктері, апта, апта күндері туралы түсініктерін кеңейту, апта күндерінің аталуын меңгерту; геометриялық пішіндерді ажыратуды, әртүрлі заттар құрауды пысықтау.</p>	<p>Математика негіздері "Жыл мезгілдерінің саны неге төртеу?" Мақсат-міндеттері. Балалардың "сегіз" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "сегіз" жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Аңдардың қысқа дайындығы" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Жануарлар әлемі туралы түсінік беруді пысықтау.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[Л] дыбысы және Л л әрпі". Мақсат-міндеттері: [Л] дыбысы және Л л әрпімен таныстыру.</p>
		<p>Қазақ тілі "Оқтауы бар түлкі" ертегісін әңгімелеу. Мақсат-міндеттері. «Оқтауы бар түлкі» ертегісінің сюжетін еске түсіру; өлшемнің үш түрі: үлкен, орта, кішкентай ұғымдарын бекіту; эмоциялар туралы түсініктерді дамыту; адам қонаққа барғанда сыпайы мінез-құлық көрсетуі; жануарлар туралы, ертегілердің жанры туралы білімдерін кеңейту; қазақ тіліндегі ертегінің мазмұнын түсінуді, ертегі кейіпкерлерінің жиі қайталайтын сөз тіркестерін және сөздерін еске сақтауды үйрету; сөйлеудің</p>	<p>Математика негіздері "Аптаның жеті күні". Мақсат-міндеттері. Балаларға уақыт бөліктері, апта, апта күндері туралы түсініктерін кеңейту, апта күндерінің аталуын меңгерту; геометриялық пішіндерді ажыратуды, әртүрлі заттар құрауға жаттықтыру.</p>	<p>Қазақ тілі Ш-Ж дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-ш], [-ж] дыбыстары және Ш ш - Ж ж әріптерімен таныстыру; Ш - Ж әріптерін ауада жазып көрсету; [-ш], [-ж] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, есту арқылы ажыратуды үйрету. Бұл нәтижелерде</p>	<p>Музыка "Желдің әнімен тербелейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың желтоқсан туралы әнге қызығушылық танытуын арттыру; әннің мазмұнын эмоционалды қабылдауды және музыкадағы контрастылы бөлімдерді ажыратуды үйрету.</p>	<p>Сурет салу "Ұшатын кілем". Мақсат-міндеттері. Балаларды тіктөртбұрыш пішінін түрлі қарапайым оюлардың элементтерімен безендіруді үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Биіктігі 60 см кедергі заттар арқылы өрмелеп өту". Мақсат-міндеттері. Балаларға биіктігі 60 см кедергі заттар арқылы өрмелеп өтуді үйрету.</p>
			<p>Музыка "Ертегі желісін жалғастыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілді музыкаға қызығушылығын арттыру; ән айту</p>		<p>Қоршаған ортамен таныстыру "Желдің күші". Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Көркем әдебиет "Күн астындағы Күнекей қыз" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұнын жете түсіндіріп, оны тындауға деген қызығушылығын ояту; өз ойын қиялымен ұштастыра отырып</p>

Серуенге дайындық	11.10 - 11.15	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (дербес әрекет)
--------------------------	------------------	---

Серуен	11 :15-11.30	<p>Алғашқы қарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Табиғаттағы өзгерістерді байқауды, әсемдікті көруді үйрету.</p> <p>Зерттеу. Қар ұлпаларын алақанға ұстап алу; екеуін салыстыру; қардың қай жерде жылдам еритінін анықтау; қар әлі ерімеген жерді табу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаш тамырларын қармен окшаулау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қардың қорғаныш қасиеттері туралы ойды бекіту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Бір, екі, үш.. қаш!" (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын, шапшаңдықты, тапқырлығын дамыту; бірлесіп ойнауды үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. "Құрсауға түс".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әрекет ету.</p>	<p>Суды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Судың жиынтық күйі туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Зерттеу. Педагог балаларды эксперимент жүргізуге шақырады.</p> <p>Шыны ыдысқа су құйылады, қақпағын мықтап жауып, салқын жерде қалдырады. Көп ұзамай судың орнына мұздың бөліктері пайда болады. Мұздатылған су (мұз) сұйық суға қарағанда көбірек орын алады. Мұз шалшықтарда, өзендерде, тоғандарда алғашқы аяз түскен бойда пайда болады. Аязды күндері мұз қабығы одан сайын қалындай түседі.</p> <p>Мұзды жылы бөлмеге кіргізсе не болады? (мұз ериді)</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p>	<p>Қардың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қардың қасиеттері туралы ойларын нақтылау; қыста қардың жаууы туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: төбешік жасау үшін қар үйіндісін жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Бірлесіп жұмыс істеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</p> <p>"Жалаушаны қағып кетпе". (дене шынықтыру)</p>	<p>Қар мен мұзды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру.</p> <p>Зерттеу. Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қанша уақытта қататынын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары.</p>	<p>Аяздың өрнектерін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Терезеге аяз салған өрнектерді қарастыру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балабақша алаңында тазалық пен тәртіпті сақтауды үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жұбынды тап". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Педагогтің белгісі бойынша қимылдар жасау.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p>
--------	--------------	--	--	---	--	--

Серуеннен оралу	11.30 - 11.50	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Женді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Түскі ас	11.50 - 12.30	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтау қажеттілігін үйрету).</p> <p>Көркемсөз</p> <p>Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де, кешке де, Жуын күндіз де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>				
Түскі ұйқы	12.30 - 15.10	<p>Өз төсек орнын тауып, жатуды үйренеді.</p> <p>«Оқтауы бар түлкі» ертегісін оқып беру.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.</p> <p>Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады.</p> <p>(музыка)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Алдар көсенің сиқырлы шапаны» ертегісін оқып беру.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.</p> <p>Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».</p> <p>(музыка)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқып беру.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>

<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>15.10-15.30</p>	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>
<p>Бесін ас</p>	<p>15.30-16.00</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Тамақтану кезінде әдепті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық сақтауды үйрету) Көркемсөз Дос бол сабын, сумен сен, Жии-жиі жуын сен, Таңертен де, кешке де, Жуын күндіз де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>16.00-16.15</p>	<p>Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшандығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты. Балалар бір тізбекке, жарты шеңбер құрып (шеңберде) отырады (тұрады). Басында ойын шартының орындалуын реттеу үшін жүргізуші рөлін педагог өзі атқара алады. Жүргізуші допты балаларға кезекпен лақтырады. Допты лақтырғанда "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал беріле сәтінде бір</p>	<p>Вариативті компонент. Жас зерттеуші "Жабайы аңдар" Мақсат-міндеттер: әрбір аңның атын дұрыс атауға жаттықтыру және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту. Дамытушы ойын "Сынық телефон". Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр". Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Шырша"</p>	<p>Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығады, қимылдарды кезекпен көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойынның</p>	<p>"Сақина" аз қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды зеректікке, шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Баланың алақанына жасыруға сыятын сақина. Шарты. Ойыншылар жарты шеңберде отырады, жүргізуші сақинаны алып, әрбір балаға кезегімен сақинаны салған сияқты қимылдар жасайды. Алақанына салынған сақинасы бар бала, жүргізуші шақырған кезде, орнынан ытқып, шеңбердің тысына шығып кету керек. Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алуға тырысады. (дене шынықтыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн". Мақсат-міндеттері. Балалардан туған күн ұғымын қалай түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атап өту дәстүрі жайында білімдерін кеңейту; жақынға сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді атап өтуге қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасауына</p>
--	--------------------	---	---	--	--	--

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>16.15-16.20</p>	<p>Санамак Санайық жаңаша Бір, екі, үш! Желбіре жалауша, Достықта біздің күш. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортаң терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Артикуляциялық жаттығулар. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Бала тілін дамыту. Тақпақ жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Тиін" "Аңдып тұрған жау жоқ па?"- Дөп, қарайды ол жан-жаққа. Шыбын жаны тәтті ғой, Тәтті-ау бірақ жаңғақта. "Бақа". Келсем көлге жақындап, Жағың тынбас бақылдап. Ауырмай ма таңдайың, Күні бойы тақылдап? (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Жұмбақтар мен жаңылтпаштарды қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Кім, қайда тұрады" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Көрнекі құралдар. Өртүрлі жануарлардың тобы (үйірі, отары) мен олардың үйлерінің суреттері, қарындаштар. Барысы. Әр жануардың үйі қайда екенін анықтау, қарындашпен сызық жүргізу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>16.20-16.25</p>	<p>Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<p>Серуен</p>	<p>16.25-16.40</p>	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>				

Серуеннен оралу	16.40-16.45	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - учаскеден шығар алдында аяқкиім мен үсті-басын қағу; - балабақшаға кірер алдында аяқкиімнің табанын тазалау; - ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; <p>Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру. Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	16.45-17.00	"Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы.	Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін жетілдіру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Баланың қабілеттері туралы әңгімелесу.	Баланың тәрбиесі туралы сөйлесу.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Ақберен

Топ: Қарлығаш мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.11 - 01.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: З. Аязова Г.Ботабекова

Апта күндері	Уақыты	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	8.00 - 08.15	Балалардың дене қызуын өлшеу, жалпы сыртқы көрінісін тексеру, көңіл күйін байқау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	08.15 - 8.20	Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалардың қалай қатысатыны және оларға қажетті оқу құралдары туралы әңгімелесу.				

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>8.20 - 8.30</p>	<p>1. "Секіртпені соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау. 1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу. 2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу. 2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру. 1 оңға еңкею. 2 бастапқы қалыпқа келу. 3 солға еңкею. 4 бастапқы қалыпқа келу. 3. "Отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде. 1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру. 2 бастапқы қалыпқа келу. 4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату. 1-3 артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты көтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға қарай жоғары көтеру. 4 бастапқы қалыпқа келу. 5. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстау, қолды төмен түсіріп тұру. 1 заттардан аттап жүру. 2 секіртпемен еркін секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>8.30 – 9.30</p>	<p>Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да. Келген асты алдыға Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>9.30 - 9.40</p>	<p>"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; өсімдіктердің жапырақтарына ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығындағы тәртіпсіздікті байқау. Ортақ игілік үшін шынайы ниетімен еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көруді, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбек етуге ниеттерін тәрбиелеу, ересектерге көмектесуге ынталандыру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
--	--------------------	---	---	--	--	---

ҚР. Гимнін орындайды.
Міндеттер.
Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.
(музыка)

Үстел үсті ойыны.
"Бұл қашан болады?" (лото)
Мақсат-міндеттері.
Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету.
Байқампаздыққа баулу.
Балалар жыл мезгілдерін көрсететін карточкаларды таңдайды.
(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)

Дамытушы ойын.
"Ғажайып музыкалық аспаптар".
Мақсат-міндеттері.
Балалардың тыңдау, ән салу қабілетін дамыту. Өнерге баулу.
Ойын барысы.
Балаларға түрлі аспаптардың әуенін қосып, қай аспаптың дыбысы екенін анықтауды үйрету.
(музыка)

BilimKids
бейнематериалы
"Дыбыс толқыны"
(танымдық іс-әрекет)

"Бұл қай кезде болады?"
Мақсат-міндеттері.
Балалардың тәулік уақыты туралы түсініктерін бекіту; шыдамдылыққа баулу.
Нұсқаулық: бала күннің әртүрлі уақыттарына қатысты сюжеттер бейнеленген суреттер жиынтығын алады.
Балалар кезекпен уақытты бөлігін атайды және олардың суретін сипаттайды (мысалы, "бұл таңертең, өйткені біз жаттығу жасаймыз").
(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)

Дидактикалық ойын. «Үлкен – кіші»
Мақсат-міндеттер: «үлкен-кішкентай»,

Дамытушы ойын.
"Лабиринт".
Мақсат-міндеттері.
Балалардың танымын дамытуға арналған жаттығу.
Ойынның барысы.
1. Балаларға дайын лабиринт (аю мен апан) беріледі, балалар тез-тез орындап шығады.
2. Аю мен апан туралы әңгімелесу.
3. Аюдың суретін салудың дәстүрден тыс технологиясын қолдану.
(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)

Дамытушы ойын .
"Дәрігерге не керек?"
Мақсат-міндеттері.
Балалардың мамандықтар туралы білімдерін қорытындылау және жұмысқа байланысты белгілі бір пәндердің мақсаты туралы білімдерін кеңейту; қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеуді, сөздерді логикалық түрде құру қабілетін дамыту.
Нұсқаулық: үстелде қиылған суреттер бар (мысалы, құралдар).
Балалар барлық эпизодтарды жинайды.
Алынған суреттердің мақсатын түсіндіріңіз.
(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)

Дидактикалық ойын.
«Берілген дыбысқа сөзді ата».
Ойын шарты: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс.
(қарым-қатынас іс-әрекеті)

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>9.40-9.45</p>	<p>«Суреттер құрастыру». Мақсат-міндеттері. Балаларға бірнеше шағын суреттен мазмұны бір үлкен суретті құрастыруды үйрету; әңгіме құрастыру, тіл байлығы мен ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p>	<p>"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу. Ойын барысы. - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту. Сипаттама. Балалар жауап беруге тиіс сұрақтарды дайындау. Мысалы: * түрлі түсті қанаттары бар әдемі жәндік, ұшуды ұнатады, балшырынмен қоректенеді (көбелек); * көлік, ұзын, бірнеше бөліктен тұрады, темір рельстермен жүреді (пойыз); * жабайы жануар, орманда тұрады, айға қарап ұлиды (қасқыр); * жабайы жануар, қызыл шашты, ертегілерде айлакерлігі айтылады (түлкі); * сары қабығы бар жеміс, дәмі қышқыл (лимон). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Сыңарын тап». Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздық пен шапшаңдықты үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі. Геометриялық пішіндерді қақ ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау керек. Ойын бірнеше рет қайталанатын, балалар геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап". Мақсат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтау, қиялын, ынтасын дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>
---	------------------	--	---	---	--	--

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>9.45 - 11.10</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[л] дыбысы және Л л әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері: [л] дыбысы мен әрпін таныту, сөз ішіндегі [л] дыбысының ерекшелігін меңгерту, [л] дыбысы арқылы берілген сөздерді оқыту.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[қ] дыбысы және Қ қ әрпі". Мақсаты: [қ] дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуға үйрету.</p>	<p>Математика негіздері "Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?" қайталау Мақсат-міндеттері. Балаларда "сегіз" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білуді жаттықтыруды пысықтау.</p>	<p>Математика негіздері "Қазақстан жерінің есепсіз байлығы". Мақсат-міндеттері. Балалардың он көлеміндегі сандарды тура және кері санау дағдыларын үйрету; Қазақстан жерінің есепсіз байлығын білдіретін таңбалауыштарды он санының көлемінде сәйкестендіруді үйрету. Сөйлеуді дамыту "Кел, жаттайық! Ө. Асылбеков «Әдептілік әліппесі" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіруді пысықтау. Музыка "Отаным". Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[қ] дыбысы және Қ қ әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу" Мақсат-міндеттер: [қ] дыбысымен және әрпімен таныстырып, сөздерге дыбыстық талдау жасап білуге үйрету. Мүсіндеу "Қыс ғажабы". Мақсат-міндеттері. Балаларды мүсіндеудің "есу", "домалақтау", "шиыршықтау" әдістерін пайдаланып, ұлпа қарды мүсіндеуді үйрету. Дене шынықтыру "Хоп-фитболдармен секіру" Мақсат-міндеттері. Балаларға хоп-фитболдармен (секіргіш гимнастикалық доптар) секіруді үйрету. Көркем әдебиет "Ө. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" қайталау. Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінуді үйретуді пысықтау.</p>
		<p>Қазақ тілі Қысқы табиғат құбылыстары. Балалар қысты қарсы алады. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; аяз туралы түсінік беру; жұмбақтар, өлеңдер, әңгімелер туралы түсініктерін бекіту; табиғат пен адамның өзара байланысы; қысқы құбылыстардың ерекшеліктері туралы түсініктерін дамыту; қазақ тіліндегі жұмбақтар, өлеңдер мен әңгімелерді ажыратуды және</p>	<p>Математика негіздері "Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы "сегіз" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білуді жаттықтыру.</p>	<p>Қазақ тілі С-З дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-с], [-з] дыбыстары және С с, З з әріптерімен таныстыру, әріптерді жазуды көрсету; [-с], [-з] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-с], [-з] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) таңдап көрсете білуге</p>		

Серуенге дайындық	11.10 - 11.15	Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
--------------------------	------------------	--

Серуен	11 :15-11.30	<p>Маусымдық өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қыстың басында табиғатта қандай өзгерістер болатыны туралы түсінік қалыптастыру (түн ұзарады, күн қысқарады); қыстың басталуына тән белгілерді ажыратуды, оларды өлеңдерден тани білуді үйрету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаш тамырларын қармен толтыру. Мақсат-міндеттері. Тіршілік иелеріне көмектесуге тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Зерттеу...</p>	<p>Бақшаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қысқы бақтағы маусымдық өзгерістермен таныстыру, зерттеу қызметіне қызығушылықты арттыру. Зерттеу. Қардың тереңдігін қарөлшеуішпен өлшеу; қыста топырақтың күйін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қардан мүсіндерді тұрғызу. Мақсат-міндеттер. Қардан мүсіндер құрастыруды үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Жапалақ", "Соқыртеке". Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Торғайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құс - торғай. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстарға арналған жемшашарды таза ұстауды үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жемсауытты қардан тазарту, құстарға жем шашу. Мақсат-міндеттері. Еңбекке қызығушылықты ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Нысанаға тигіз". Мақсат-міндеттері. Ұшатын заттың бағытын ұстануды, қимылдарды дұрыс есептеуді және орындауды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. (дене шынықтыру)</p>	<p>Қардың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қыста жауатын қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. (дене шынықтыру)</p>	<p>Шетенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шетен туралы білімдерін кеңейту; қыста шетенді бақылауды жалғастыру. Зерттеу. Аяз түскенге дейінгі және аяз түскеннен кейінгі жидектерді салыстыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмектесу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жалаушаға дейін кім бірініші жүгіреді?" ойыны (дене шынықтыру). Мақсат-міндеттері. Доғаның астымен жорғалап жүру дағдыларын машықтандыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Орнынан ұзындыққа секіру техникасымен жаттығуды жалғастыру.</p>
--------	--------------	---	--	---	--	---

Серуеннен оралу	11.30 - 11.50	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Женді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Түскі ас	11.50 - 12.30	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Қажет болған жағдайда майлықты қолдану дағдысын дамыту.</p> <p>Көркемсөз</p> <p>Су деген — өмір көзі, Тіршіліктің нәрі бұл. Су болмаса оянбайды, Табиғаттың барлығы. Таза болсаң, судай бол, Бәрін жуып кетірген. Жақсы болсаң жердей бол, Бәрімізді өсірген.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>				
Түскі ұйқы	12.30 - 15.10	<p>Өз төсек орнын тауып, жатуды үйренеді.</p> <p>««Сауысқан мен көкек» ертегісі» ертегісін оқып беру.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.</p> <p>Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады.</p> <p>(музыка)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Ат пен есек» ертегісін оқып беру.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.</p> <p>Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».</p> <p>(музыка)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>

<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>15.10-15.30</p>	<p>Нүктелі массаж. Суық тиюіне және тұмауға қарсы жаттығуларды орындау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тамағымыз ауырмау үшін, тамағымызды қолмен жоғары - төмен уқалау. - Түшкірмеу, тұмауратпау үшін, сұқ саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу. - Қолымызды маңдайға қойып уқалау. - Құлағымыз ауырмау үшін, сұқ және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау. <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>
<p>Бесін ас</p>	<p>15.30-16.00</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Қажет болған жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру.</p> <p>Көркемсөз</p> <p>Су деген — өмір көзі, Тіршіліктің нәрі бұл. Су болмаса оянбайды, Табиғаттың барлығы. Таза болсаң, судай бол, Бәрін жуып кетірген. Жақсы болсаң жердей бол, Бәрімізді өсірген.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>16.00-16.15</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Маталар жәрмеңкесі". Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи және жасанды мата түрлерін ажыратуды үйрету; мата түрлерін қолмен ұстап, саусақпен сипап көру, өзара салыстыру сияқты зерттеу тәсілдерін үйрету. Түйсік, зейін, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; талғампаздыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи маталар кескіндері: мақта мата (сиса, батист, атлас, джинсы), зығыр мата; жүн мата (драп, киіз мата); жібек мата (шифон, жаккард, атлас); жасанды маталар (вискоза, плащ матасы). Педагог қанша мата түрін зерттеуге болатынын, қалыптасқан жағдайларға сүйеніп</p>	<p>Дамытушы жаттығу. "Не жоқ?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды, жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Алғашында саны 6-дан басталады, содан кейін 10-12-ге де жеткізуге болады. Балалар көзін жұмып тұрады, педагог ойыншықтардың бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екенін айтады. Ойын бірнеше рет қайталанады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың фонематикалық есту қабілетін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; кез келген сөздің дыбыстық құрамына көрсетілген кестеге қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту. Құралдар. Заттардың көрнекілік суреттер мен олардың сөздеріне құрылған дыбыстық құрамының кестелері. Ойынның күрделі нұсқасы. Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдарының кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді педагог атаған дыбыстың орнын табуға</p>	<p>Логикалық ойын. "Келешекте неге айналады?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам және жан-жануарлардың тіршіліктері туралы білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана беруі мүмкін. Шарты. Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын айту керек. Педагог ойын</p>	<p>Дамытушы жаттығу. "Қанша затты көрсең, сонша санды көрсет". Мақсат-міндеттері. Балалардың әрқалай орналасқан заттарды, көзбен көріп, санап алу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуге ынталандыру; қабылдау, зейін, қабілеттерін, ой шапшандығын дамыту. Құралдар. Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Кітапхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашының атқаратын рөлі неде екенін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар. Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. Шарты. Педагог балалармен бірге</p>
--	--------------------	---	---	---	--	---

Балалармен жеке жұмыс	16.15-16.20	<p>"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p>	<p>"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>Жыл мезгілі туралы әңгіме. Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>Бала тілін дамыту. Тақпақ жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Тиін". - Аңдып тұрған жау жоқ па? - Дөп, қарайды ол жан-жаққа. Шыбын жаны тәтті ғой, Тәтті-ау, бірақ жаңғақ та. "Бақа". Келсем көлге жақындап, Жағың тынбас бақылдап. Ауырмай ма таңдайың, Күні бойы тақылдап? (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Шығармашылық уақыты. "Ғажайыптар қалашығы". Мақсат-міндеттері. Балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға құштарлығын жетілдіру. (шығармашылық іс-әрекеті)</p>
Серуенге дайындық	16.20-16.25	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	16.25-16.40	Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				

Серуеннен оралу	16.40-16.45	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - учаскеден шығар алдында аяқкиім мен үсті-басын қағу; - балабақшаға кірер алдында аяқкиімнің табанын тазалау; - ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; <p>Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру. Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
